

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Ахметалықызы Айша

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫН ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ
БІРІ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

«Өңірлік даму» (MRD) білім беру бағдарламасы
«7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша

Мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару магистрі
ғылыми дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекшісі: _____

Д.Е. Жумин (Креативті
индустрияларды дамыту
жөніндегі жобалық офис
басшысы, хатшы)

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2021ж.

Институт/МСҰМ директоры: _____ э.ғ.к., Р.А.Турчекенова

Нур-Султан, 2021

Мазмұны

Нормативтік сілтемелер	3
Белгілер мен қысқартулар	4
Кіріспе	5
Әдебиеттере шолу	7
Зерттеу әдістері	9
Зерттеу нәтижелері және талдау	12
Қорытынды	41
Пайдаланылған дереккөздер тізімі	43
Аналитикалық жазбахат	44

Нормативтік сілтемелер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" № 1434 қаулысы (ҚРҮ 2017 жылғы 12 мамырдағы № 256 қаулысымен өзгеріс).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы» № 732 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 990 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының бас жоспары туралы № 1134 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 ақпандағы «Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы» № 74 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі «Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспарын бекіту туралы» № 498 қаулысы.

Шымкент қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы.

Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға дамыту бағдарламасы

Белгілер мен қысқартулар

ЭЫДҰ - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЖІӨ - жалпы ішкі өнім
ЖӨӨ - жалпы өңірлік өнім
КТС - корпоративтік табыс салығы
ҚҚС - қосылған құн салығы
АЕК - ең төменгі есептік көрсеткіш
ҚР СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ДСҰ - Дүниежүзілік сауда ұйымы
ДБ – Дүниежүзілік Банк
АДБ – Азиялық даму банкі
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серікестігі
ИА – индустриалдық аймақ
ФҚА – функционалдық қалалық аудан
АШДК – ауыл шаруашылығын дамыту кеңесі
ЮНКТАД-БҰҰ сауда және даму жөніндегі конференциясы
АХҚО - "Астана" халықаралық қаржы орталығы»
"Kazakh Invest" - "Kazakh Invest" Ұлттық компаниясы» АҚ

Кіріспе

Әлемдік урбанизация жылдам қарқынмен жалғасуына байланысты қалалар мен мегаполистерде тұратын халықтың үлесі тез өсуде [1]. Қазіргі әлемде елдердің бәсекеге қабілеттілігін салалар емес, бір-бірімен инвестициялар тарту бойынша және адами капитал үшін де бәсекеге түсетін ірі қалалар анықтайды. Қазірдің өзінде қалаларда әлемдік ЖІӨ-нің 80% - дан астамы өндірілуде [2].

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында республикамыздың 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөнінде жаңа стратегиялық мақсат қойылғанын ескерсек, Қазақстан үшін әлемдік деңгейдегі ірі қалалардың қалыптасуына ықпал ету және урбандалу процестерін ынталандыру өте маңызды болып отыр [3].

Қазіргі таңда Қазақстандағы осындай ірі қалалардың бірі - Орталық Азияның экономикалық өсуі мен даму орталығы болу үшін зор әлеуеті мен барлық мүмкіндіктері бар оңтүстік аймақта орналасқан Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының ұзақ мерзімді перспективадағы рөлі мен функциялары бірінші деңгейдегі стратегиялық құжаттарда, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында, 2020 жылға дейінгі елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасында және инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген. Осы құжаттарда көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес Шымкент қаласының дамуы Шымкент агломерациямен тікелей байланыстырылады [4].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» № 702 Жарлығына сәйкес Шымкент қаласы ресми түрде республикалық маңызы бар қалалардың санатына жатқызылды. Сондай-ақ, Елбасы Шымкент қаласы біздің еліміздің ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің инвестиция, технология және зияткерлік ресурстарын тартудың жаңа орталығына айналатынын атап өткен болатын [5].

Осыған байланысты Шымкент қаласының әлеуеті мен ерекшелігін ескере отырып, оның ұзақ мерзімдегі перспективаларын анықтау, соған сай даму бағытын ашу елдің экономикалық даму құрылымында әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті және индустриялық-инновациялық агломерацияларды құруда маңызды рөл атқаратыны айқын.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі Шымкент қаласының имиджіне теріс әсер етіп, инвестициалық ахуалын төмендетіп отырған негізгі проблемаларды анықтаумен және өңір экономикасын одан әрі дамытуға ықпал ететін әлеуетін қолдану қажеттілігіне негізделген.

Жұмыстың мақсаты Шымкент қаласының еліміздің ғана емес бүкіл Орта Азия елдерінің тартылыс орталығы болу әлеуетін зерделеу және өңірдің тұрақты дамуын тежеп отырған негізгі проблемаларды анықтау және соған сәйкес ұсыныстар беру болып табылады.

Қойылған мақсатқа сүйене отырып, зерттеудің келесі міндеттері анықталды:

- Шымкент қаласының бірінші, екінші деңгейлі стратегиялық құжаттарында көрсетілген орта немесе ұзақ мерзімдегі перспективалары мен даму болжамдарын зерделеу;

- Шымкент қаласының даму стратегиясы, даму бағдарламалары немесе өңірді дамытудың кешенді жоспары сияқты үшінші деңгейлі құжаттарын 1-2 деңгейлі стратегиялық құжаттармен салыстыру;

- Шымкент қаласының елдің ғана емес Орта Азияның экономикалық өсу орталығына айнала алатынына себеп болып отырған көрсеткіштерін анықтау;

- Инвестициялық ахуалы әсер ететін факторларын жеке-жеке талдау;

- Шымкент қаласының басқа Нұр-Сұлтан, Алматы секілді ірі қалаларынан ерекшеліктеріне зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- Өңірдің тұрақты дамуын тежеп, имиджіне теріс әсер етіп отырған проблемаларды анықтау;

- Қазіргі таңдағы жағдайын одан әрі жақсарту бойынша және экономикасының жаңа драйверіне айналушы сектор бойынша ұсыныс енгізу;

Зерттеудің пәні Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ал зерттеу объектісі ретінде өңірдің сипаттамалық ерекшелігі, экономикасы, экологиясы қарастырылады.

Алынған зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы мен құндылығы Шымкент қаласын еліміздің ғана емес Орта Азияның экономикалық өсу орталығы ретінде қалыптастыру бойынша берілген ұсыныстарын тәжірибе барысында қолдана алу мүмкіндіктері болып табылады.

Әдебиеттере шолу

Зерттеудің негізін ірі қалалардың тұрақты дамуына, агломерацияларды қалыптастыру маңыздылығына, даму перспективаларына және урбанизация мәселелеріне зерттеу жіргізген отандық және шетелдік авторлардың зерттеулері құрап отыр.

Әлем елдерінде ірі қалаларды тұрақты дамыту ұғымы урбандалу ұғымымен пара-пар келеді. Бұл объективті, жан-жақты процесс ретінде түсіну көптеген шетелдік зерттеушілердің көптеген еңбектерінде көрініс тапты. Отандық зерттеушілердің еңбектеріне келетін болсақ: философтар, географтар, демографтар, әлеуметтанушылар, экологтар, экономистер және басқа ғылымдар өкілдері, урбэкологияның қалыптасуының басталуын 70-ші жылдар деп атауға болады. Осы кезеңде ғылыми әдебиеттерде урбанизацияның Әлеуметтік және экологиялық аспектілеріне көп көңіл бөлінеді. А. М. Румянцев урбандалу процесін қалалардың қарапайым механикалық өсуімен анықтауға болмайтынын дұрыс атап өтті. Урбандалу жалпы алғанда терең әлеуметтік-экономикалық қайта құру процестерімен, қалалық өмір салтын және қалалық қарым-қатынас формаларын тарату негізінде емес, жаңа индустрия, көлік, тұрғын үй құрылысы, бұқаралық коммуникация, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсету жүйелерін дамыту негізінде жұмыс істеп тұрған қалалар мен ауылдарды қайта құрумен тығыз байланысты.

Ірі қалалардың тұрақты дамуының философиялық және әлеуметтік аспектілері Н.А.Аитов, В.Л. Глазычев, г. м. Лаппо, Ю. Ю. Л. Пивоваров және басқа авторлардың зерттеулерінде қамтылған. Әлеуметтанушы о.Н.Яницкийдің урбанизация мәселелері бойынша зерттеулері ерекше қызығушылық тудырады, ол 1. Ис-қимыл бағдарламасы. ХХІ ғасырдың күн тәртібі және Рио-де-Жанейродағы Конференцияның басқа да құжаттары. Женева, 1993. 12 б. және 2. Румянцев а. м. қазіргі заманның Әлеуметтік және экономикалық мәселелері. МЛ, 1979. Б.411. нақты материалды қолдана отырып, шетелдік әлеуметтанушылардың урбанизация процесінің бірқатар теорияларын сипаттайды, қала құрылысының жобалау объектісі ретінде қала туралы идеялар эволюциясының негізгі кезеңдерін бақылайды [6].

Жалпы философиялық және әлеуметтік контексте урбандалу мәселелері экологиялық мәселелер мен тұрақты дамуды зерттеуде ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты: Б.А.Воронович, Э.в.Гирусов, В.И.Данилов-Данилян, к.х. Делокаро, В. А. Коптюга, В. А. Элося, н. М. Мамедов, Н. Н. Моисеев, Н. Ф. Реймер-са, А. Д. Урсула, а. л. Яншин және т. б., сондай-ақ шетелдік а. Кинг, д. л. медоуза, Ю. одума, Дж.Форрестер, М. М. Гордон, Р. Парк, Мам-Форд, А. Кинг, Б. Шнайдер және т. б.

Қалаларды зерттеуге урбэкологиялық көзқарастың дамуына айтарлықтай үлес қосты: А. Н. Лола, О. Н. Яншжий, Т.В.Бочкарева, А.и. Воропаев, А. А. Дрейер, В. Н. Калуцков, Н. г. Украинцева және басқалар.

Сондай-ақ, көптеген жұмыстарды қалалардың қалыптасуы мен дамуы мәселелерін пәнаралық зерттеу мәселелеріне арнаған зерттеушілерді атап өткен жөн. Олар: А. С. Ахиезер, А. Борхиди, Браун Л. Р., Джекобсон т. в., т. в. Звонкова, Печчей А. Саушкин Ю. г., Хефлинг г. және т. б. [7].

БҰҰ-ның Рио-де-Жанейродағы Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында (1992 жылғы маусым), сондай-ақ конференцияның "XXI ғасырға арналған күн тәртібі" негізгі құжатында урбандалудың әртүрлі аспектілеріне айтарлықтай көңіл бөлінді. Сонымен бірге, мемлекеттік құжаттарды, сондай-ақ осы идеяларды дамытатын шешімдерді талдау қала проблемаларын зерттеуге және оның халықтың проблемаларын шешудегі рөліне әлі де тұжырымдамалық көзқарас әзірленбегенін көрсетеді; синергетика және өзін-өзі ұйымдастыру идеялары іс жүзінде қалалардың мәнін, олардың пайда болуы мен жұмыс істеу проблемаларын түсіну үшін толық пайдаланылмайды; тұрақты елді мекендер құру мақсатында халықтың өмір сүру сапасын кешенді бағалаудың және қалаларда үйлесімді өмір сүру ортасын құрудың ғылыми критерийлері әзірленбеген [8].


Халық саны және өмір сүру сапасы мәселелері жөніндегі тәуелсіз комиссияның «болашаққа қамқорлық жасау» баяндамасына сәйкес «қалалардың өсуі айтарлықтай қиындықтар туғызады ... әлеуметтік салада және қоршаған ортаны қорғау саласында жаһандық ауқымға ие болып, оларды еңсеру үшін қаражат пен көмек қажет». Әдебиеттерді жан-жақты талдау қаланың тұрақты даму мәселесін салыстырмалы түрде зерттеуді көрсетеді.

Зерттеу әдістері

Қойылған мақсаттарды шешу үшін келесідей теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды: дедукция және индукция әдістері, жіктеу, формалды логика (салыстыру мен ұқсастық), мониторинг, мәселелер ағашының әдісі, контент-талдау, ақпаратты өңдеудің статистикалық әдістері. Сипаттау әдісі қалалық агломерациялар мен қалаларды басқарудың шетелдік және отандық тәжірибесін талдау барысында қолданылды.

Жүйелік әдіс жалпы жоба жұмысының және зерттеудің жекелеген сұрақтарын шешудің әдістемелік негізін құрады. Нормативтік құқықтық актілерді талдау үшін жүйелік-талдау әдісі, контент-талдау пайдаланылды.

Бұдан бөлек, Urban Forum Kazakhstan сарапшыларының жүргізген сауалнама нәтижелері қолданылды. 2019 жылы телефон арқылы Шымкент қаласының жайлылығына жүргізген бағалауының қорытындысы есебінде сауалнамаға қатысушылардың 48,7 %-ы қаланы дамытуда экология саласы қызықтыратынын айтқан (1-сурет). Сауалнамаға барлық жоғы 400-ге жуық респондент қатысты [9].



Дереккөзі: Urban Forum Kazakhstan ресми сайты

1-сурет. Шымкент қаласы тұрғындарының мазалайтын маңызды сала

Сонымен қатар, экология саласындағы анықталған мәселердің түбірін анықтау мақсатында және соған сәйкес ұсыныс беру үшін мәселелер ағашының әдісі пайдаланылды.

Зерттеу үшін Шымкент қаласының өңдеу өнеркәсібіндегі көпжылдық тәжібесі бар мамандар мен өндірушілер басшыларымен онлайн форматта жүргізілген сұхбаттың маңызы зор болғанын атап өткен жөн.

Алғашқы сұхбат Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму бөлімінің басшысы, 2015 жылдан бері Шымкент қаласының өңдеу өнеркәсібі салсында қызмет атқарып келген Қалдыбеков Бақыт Әлімұлымен онлайн форматында сұхбат болды. Сұхбат барысында, Шымкент қаласының әлеуеті мен қазіргі орын алып отырған мәселелер мен оның шешу жолдарына тоқталып өттік.

Шымкент қаласының бәсекелестік жақтарына: Дамыған өндірістік инфрақұрылымы («Оңтүстік» ИА, «Оңтүстік» АЭА кеңейту, «Жұлдыз» ИА, «Тассай» ИА, агроиндустриялық аймақтың құрылысы);

Дамыған және әртараптандырылған өнеркәсіп (тоқыма, металлургия, фармацевтика өнеркәсібі және мұнай өңдеу);

Жеңіл және тамақ өнеркәсібін, құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік беретін бай минералдық-шикізат базасы;

Кластерлерді, әсіресе тамақ, тоқыма, құрылыс индустриясы кластерін қалыптастыру үшін жағдайлардың болуы;

Шағын және орта бизнестің дамыған секторы;

Табиғи-климаттық аймақтардың әртүрлілігі, Ұлы Жібек жолы бағытында орналасқан ірі тарихи қалалардың (Түркістан, Тараз, Ташкент, Самарқанд және т.б.) жанында орналасуын атап өтті.

Негізгі мәселелер: Өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларының дамуына (тамақ өнімдерін, негізгі фармацевтикалық өнімдерді, жиһаздарды өндіру сияқты өнеркәсіп салаларында теріс динамика байқалады) негізгі өндірістік қорлардың тозуы, ескірген технологияларды пайдалану, жаңа өндірістерді ұйымдастыру және дәстүрлі өндірістерді дамыту үшін инженерлік-техникалық коммуникациялармен жаратқандырылған жер ресурстарының шектеулілігі кедергі келтіреді.

Өндірістердің жоғары энергия сыйымдылығына байланысты (әсіресе металлургия, мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі сияқты салаларда), энергия ресурстарының жетіспеушілігі проблемасы пайда болып тұр. Ішкі электр станциялары электр энергиясына жалпы қажеттіліктің 11-13% - ын қамтамасыз етеді, қалған жетіспейтін көлемі, негізінен, елдің солтүстік өңірлерінен жеткізіледі.

Сонымен қатар, өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін салық жеңілдіктерінің жетілмеген жүйесі және шет елден келген тауарлардың төмен бағамен ұсынылуы. Мысалы, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінде коммуналдық шығындарының аз болуынан көп сұранысқа ие.

Ұсыныстар: Электр энергиясын қолдану бойынша өңдеу өнеркәсіптеріне дифференциялық тариф енгізу;

Шет елден келген импорт тауарларға талаптарды күшейту;

Өңдеу өнеркәсіптері үшін салық жеңілдіктерін шетелдің тәжірибелелерін негізгі ала отырып жетілдіру, мысалы Өзбекстан;

Екінші сұхбат «Шымкент-Кашемир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ЖШС) басшысының орынбасары Санат

Шағамбекұлынан алында. Бұл өндіріші компания жүнді бастапқы қайта өңдеу және одан дайын өнім шығару бойынша Орта Азиядағы өндірістік алаңы 30 000 шаршы метр ең ірі зауыт болып табылады. Бұл өндіруші компания үшін Шымкент қаласында өңдемен айналысу өте қолайлы. Негізгі кездескен проблемасы мемлекет тарапынан оперативті шешім қабылдаудың төмен деңгейі.

Үшінші сұхбат «Turan-skin» ЖШС басшысымен онлайн форматта сұхбат болды. Бұл өндіруші компания 2002 жылдың тамыз айында жануарлардың терісін өңдеу өндірісін ұйымдастыру мақсатында құрылған. Сұхбат барысында анықталған негізгі проблема өңірдегі лабораторияның жоқтығы, өңдеуге қажет химикаттардың шетелден алынуы.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Шымкент қаласы XII ғасырда еуропалық Ресей, Орта Азия, Батыс Сібір және Қытайға сауда жолдарының қиылысында орналасқан тарихы 2000 жылдан асатын Қазақстанның көне қалаларының бірі. Шымкент қаласының даму тарихы Сайрам қаласының тарихымен тығыз байланысты (Исфиджаб) [10].

Қаланың атауы "Шым" және "Кент" сөздерінен шыққан, сәйкесінше – шым (*топырақ көкжиегінің ең жоғарғы бөлігінде орналасқан және ауалы ортада бітетін шөп фитоценозының бөлігі*) мен қала дегенді білдіреді. Қала бұл атауды алды, өйткені ежелгі уақытта беріктік үшін сазды бекініс қабырғаларының негіздері шөппен жабылғандықтан аталған. Сондай-ақ, В.В.Бартольд пен Э.М.Мурзаевтың пікірінше, қала атауын "кент" соңын қосып, соғдиялық "чимень/чемень" - шалғын, шалғынды алқап, өзен жайылмасындағы гүлденген алқап дегенді білдіреді.[11]

Шымкент қаласы әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде 1932 жылы құрылып, Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы болып келді. 2018 жылдың 19 маусымындағы Қазақстан Республикасының Президентінің №702 жарлығы бойынша Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді [12].

Шымкент қаласына ресми түрде республикалық маңызы бар қала мәртебесін беру туралы Жарлыққа қол қою рәсімі барысында Елбасы Шымкент қаласының еліміздің ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің инвестиция, технология және зияткерлік ресурстарын тартатын жаңа орталыққа айналатынын және бұл үшін барлық жағдайлар мен қажетті әлеует бар екенін ерекше атап өтіп, бұл қадам қаланың теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуына және бүкіл өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын жүйелі түрде арттыруға тұрақты серпін беретініне сенім білдірді.

Қазіргі уақытта қала ауданы 116,3 мың га құрап (елдің ауданының 0,04%), жер көлемі бойынша бірінші орында. Халық саны 2021 жылдың қаңтарына 1074,5 мың адамды құрап отыр [13].

Бүгінгі таңда Шымкент қаласы - инфрақұрылымы дамыған Қазақстанның өнеркәсіптік, сауда және мәдени орталықтарының бірі. Шымкент республиканың бай демографиялық әлеуетке ие, ауа-райы халықтың өмір сүруіне қолайлы урбанистік қалаларының үштігіне кіреді.

Шымкент қаласының ұзақ мерзімді перспективадағы рөлі мен функциялары бірінші деңгейдегі стратегиялық құжаттардан көрініс табады.

Мәселен, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасында және 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында, 2020 жылға дейінгі елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасында және инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Шымкент қаласы төрт хаб-қалалардың бірі, Шымкент агломерациясының орталығы және елдің оңтүстігіндегі қуатты өсу нүктесі болуы тиіс [14].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасында (ҚРҰ 2017 жылғы 12 мамырдағы № 256 қаулысымен өзгертілген), Шымкент қаласының өзіндік экономикалық әлеуетімен перспективада желілік аймағына Тараз, Түркістан қалаларын қосып алатын елдің оңтүстігіндегі ірі агломерацияның орталығы болып табылады. Сондай-ақ, бұл құжатта Шымкент қаласын дамыту Шымкент агломерациясын дамытумен тікелей байланысты екені және қаланы дамытудың негізгі қағидаттық мәні оңтүстік макроөңірінің ауыл шаруашылығы өнімдерін елдің ірі қалалық агломерациясының нарығына шығару мақсатында Алматы хабымен (Алматы – Тараз – Шымкент бағыты) байланыстарды нығайтумен анықталған [15].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында экономикасы бәсекеге қабілетті және халықтың тұрмыс сапасы жоғары агломерацияларды қалыптастырудың ерекше өзектілігі ескеріліп, агломерацияларды дамыту мәселелерін шешуді мемлекеттік бағдарламаларды сол сияқты тиісті аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде ескеру қажет екені айтылған [16].

Бұл мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаттары өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және басқарылатын урбандалу арқылы тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін басты міндет ретінде, ФҚА-ны - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерацияларды дамыту анықталып отыр.

Шымкент агломерациясын дамыту перспективалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 ақпандағы Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасында (бұдан әрі – Өңіраралық схема) айқын көрсетілген [17].

Шымкент агломерациясының заманауи бәсекеге қабілетті агроөндірістік кешенін сәтті қалыптастыруда Шымкент қаласының тартылыс нүкте ретінде басты рөл атқаратыны анық.

Бұдан бөлек, 2030 жылға қарай агломерациясының перспективалық мамандануына мұнай мен мұнай өнімдері, тоқыма өнімдері, құрылыс материалдары, металлургия өнімдері, машина жасау, химия өнеркәсібі жатқызылған. Бұл салалар қаланың өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі салалар болып табылады.

Жалпы Шымкент қаласын дамытуда, қаланы елдің үшінші үлкен мегаполисі деп бөліп шығармай, агломерацияның орталығы ретінде қарастыру маңыздылығын ескеру қажет.

Жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарлама аясында қазіргі таңда Шымкент қаласының 2050 жылға даму стратегиясы және қаланың 2021-2025 жылдарға дейінгі даму бағдарламасы бекітілген.

Шымкент қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы бойынша қала Нұр-Сұлтан, Алматы сияқты үлкен қалаларымен қатар Еуразиялық

кеңістіктегі тұру және бизнес жүргізу жайлылығы бойынша көшбасшы қалалардың қатарына қосылуы тиіс. Сондай-ақ, болашақта тек жақын жатқан қалалар мен ауылдық елді мекендерді ғана емес, жақын жатқан шекаралас облыстарды да дамытуды қамтитын ірі агломерация орталығы болатыны айтылған.

Сондай-ақ, перспективада Шымкент қаласы ірі өндірістік-инновациялық және көліктік-логистикалық, білім беру, ғылыми, мәдени және туристік орталық ретінде қарастырылған.

Жоғарыда аталған маңызды құжатта қаланың негізгі 5 даму пайымы айқын көрсетілген, атап айтқанда:

1. Табиғи-шикізат ресурстарын барынша пайдалана отырып, өндірістік сала салаларын әртараптандыру және жаңғырту;
2. Жаңа технологияларды игеру, халықаралық сапа стандарттарына көшу және жаңа өткізу нарықтарына шығу арқылы экономиканың барлық салаларын кешенді дамытудың индустриялық-инновациялық саясатын іске асыру;
3. Қала экономикасы білім беру, медицина, туризм, креативті индустрия, қызмет көрсету салалары сияқты секторларда өзінің бәсекелестік артықшылықтарын іске асыруға негізделетін болады;
4. Шымкент агломерациясын, Оңтүстік макроөңір хабын қалыптастыру;
5. Тиімді қалалық инфрақұрылым, " Smart city", мультимодальды көлік жүйесі.

Бұдан басқа, республикалық маңызы бар қаланың мәртебесін бойынша, перспективада экономикалық қызметтің келесі түрлері, атап айтқанда, ғылым және инновация, қаржы, сақтандыру қызметтері, стартап қызметтері, дами бастайды делінген [18].

Сонымен қатар, 2050 даму стратегиясына сәйкес Шымкент қаласы, өнімділігі жоғары жұмыс орындарын құру, табысы жоғары, мемлекеттік және әлеуметтік қызметтердің сапасы жоғары, тұру үшін қолайлы жағдайларды және т.б. қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның оңтүстігіндегі ауыл тұрғындары үшін басты урбанизациялық орталық болуы тиіс.

Қаланың «жалған урбанизация» форматында дамуына жол бермеу мақсатында осы процесті реттеу қажетілігі атап өтілді.

Осыған байланысты перспективада қаланы дамытудың негізгі басымдығы келесі негізгі бағыттарын айқындаған, олар:

1. Өңдеу өнеркәсібін дамыту (металлургия, химия өнеркәсібі, мұнай химиясы, машина жасау, құрылыс материалдары өндірісі);
2. Басқарылатын урбанизацияны ескере отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
3. Интеграцияланған көлік жүйесін қалыптастыру;
4. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру (*Қолжетімді тұрғын үйді қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт, халықты әлеуметтік қорғау, экология, «Smart City» тұжырымдамасын іске асыру*);

5. Қалалық жоспарлау.

Шымкент қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы жоғарыда аталған бірінші деңгейлі стратегиялық құжаттармен сәйкестігімен салыстырсақ өзгешеліктің бар екені байқалады. Мысалы, қала агломерацияның орталығы ретінде қарастырылмаған және шекаралас жақын жатқан елді-мекендерді дамытуға бағытталған іс-шаралар айқындалмаған. Сондай-ақ, Стратегияда Шымкент қаласының басқа ірі Нұр-Сұлтан мен Алматы сияқты қалалардан өзгешелілігі ескерілмеген. Бұл өз кезегінде, өңірдің әлеуетін толыққанды пайдалану мүмкіндігін азайтады.

Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға дамыту бағдарламасы 3 негізгі бағыт, 14 мақсат және 25 индикатордан тұрады, атап айтқанда, аймақ экономикасының өсуі, өмір сүру үшін жайлы және қауіпсіз аймақ, өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету. Әрине, бұл стратегиялық құжат негізгі бастаманы ұзақ мезімді перспективадағы Шымкент қаласын дамыту бағыттарына негізделіп жасалынған [19].

Бұдан бөлек, Шымкент қаласының аумақ құрылысын жинақы салу және қала халқының өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспары бекітілген [20].

Жоғарыдағыны ескере отырып, Шымкент қаласын дамытудың стратегиялық жоспары оның бәсекелестік артықшылықтарына талдау, Қазақстан мен әлемдік қоғамдастықтың даму тенденцияларын ескере отырып және оның дамуының күшті және әлсіз жақтарын бағалау негізінде жасалынуы тиіс.

Шымкент қаласының Орта Азияның экономикалық өсу орталығына айналу әлеуеті

Шымкент қаласына Қазақстанның ғана емес Орталық Азияның экономикалық өсу орталығына айналуына ықпал етіп отырған ерекшелігі оның қолайлы географиялық орналасуы мен қолайлы инвестициялық ахуалымен байланысты.

Шымкент қаласы Қазақстанның Орта Азиямен тиімді географиялық түйіскен жерінде, Еуропадан Оңтүстік-Шығыс Азияға, Таяу және Қиыр Шығыс елдеріне көлік магистральдарының қиылысында орналасқан. Атап айтқанда, бастапқыда Қытайды Орта Азия, Каспий маңы, Жерорта теңізі және Батыс Еуропа елдерімен жалғастырған ежелгі халықаралық сауда-дипломатиялық жолы - Ұлы Жібек жолының Шымкент қаласының бойымен өтуі өңірге Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік көпіріне айналуына мүмкіндік береді [21].

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Еуропа мен Азия арасын байланыстырып тұрған жалпы ұзындығы 8 445 километрді құраған "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі де қала аумағынан өтеді [22].




2-сур. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі

Шымкент қаласының оңтүстігіндегі 130 км арақашықтықта халық саны 2,5 миллионнан асатын Өзбекстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы ең ірі қала Ташкент орналасқан. Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан үкіметтері орта және ұзақ мерзімді перспективада өз елдерінің экономикалық интеграциясын тереңдету мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, 2018 жылдың қазан айында Азия Даму Банкі (АДБ) Қазақстанның Шымкент қаласы мен Түркістан облысына, Өзбекстанның Ташкент қаласы мен Ташкент облысына және Тәжікстанның Соғды облысына (Худжанд қаласын қоса алғанда) географиялық екпінмен Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан

арасында Шымкент-Ташкент-Худжанд экономикалық дәлізін дамытудың жол картасын әзірлеуде қолдау көрсетті [23].

2020 жылғы 28 тамызда онлайн форматта өткен екінші өңірлік семинар барысында әзірленген Жол картасы үш елдің негізгі мүдделі тараптары арасында талқыланып, оң баға берілді.

Жалпы бұл іс-шара көлік, энергетика және басқа салалар бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.



3-сур. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі

Мұндай трансшекаралық немесе өңірлік экономикалық дәліз көлік пен сауда рәсімдерін жеңілдетуді, ауыл шаруашылығы саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді, өсімдіктер мен жануарлардың денсаулығын қорғауды және туризмді дамытуды қоса алғанда, дәліздің қазақстандық, тәжікстандық және өзбекстандық бөліктері арасындағы көптеген бағыттар бойынша тығыз экономикалық ынтымақтастық құруға мүмкіндік береді.

Ал, өңірде қалыптасқан қолайлы инвестициялық ахуалды келесідей факторлармен түсіндіруге болады.

Жалпы инвестициялық ахуал - бұл инвестициялық шешім қабылдағанға дейін инвесторлар назар аударатын әртүрлі факторлардың жиынтығы. Дәл осы факторлардың қолайлылығы инвесторлардың өз капиталдарын шаруашылық жүргізуші субъектінің осы экономикалық дамуын ынталандыру арқылы капиталдарын салатындығына немесе салынбайтынына тікелей әсер етеді [24].

Елдегі, аймақтағы, қаладағы инвестициялық климатқа әсер ететін барлық факторларды 5 негізгі топқа бөлуге болады::

- саяси факторлар (жергілікті биліктің беделі, заң шығарушы және қоғамдық құрылымдардың тұрақтылығы, инвестицияларға кепілдік беру және қорғау тетіктерінің болуы, белгілі бір салаларға инвестициялаудың заңды шарттары);

- әлеуметтік факторлар (халықтың өмір сүруінің әлеуметтік жағдайлары, әлеуметтік шиеленістің деңгейі, әлеуметтік жанжалдардың болуы, әлеуметтік саланың даму деңгейі);

- экономикалық факторлар (неғұрлым ықпалды) факторлар (өңір экономикасының құрылымы, өңірдің экономикалық даму үрдістері, тиімділігі жоғары инвестициялық объектілердің болуы);

- инфрақұрылымдық факторлар (өңірдің аумақтық-географиялық жағдайы, өңірдің инфрақұрылымдық игерілуі, жайластырылуы және қамтамасыз етілуі, телекоммуникация жүйесінің дамуы, инвестициялық инфрақұрылымның болуы, нарықтық экономика инфрақұрылымының даму дәрежесі);

- экологиялық факторлар (қоршаған ортаның ластану деңгейі, өңірдегі табиғи-климаттық жағдайлар) [25];

Саяси факторға қатысты. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Республикадағы инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша өз күш-жігерінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Бұған дәлел, Doing Business рейтингі бойынша Қазақстан 2008 жылғы баяндамада 71-орыннан 2020 жылы 25-орынға дейін көтерілді. Doing Business 2020 рейтингінде 190 ел бағаланған [26].

Қазақстанда шетелдік және ішкі инвестициялар үшін ынталандыру үшін ауыл шаруашылығы, металлургия, химия және мұнай-химия өнеркәсібі, тамақ өнімдерін өндіру және машина жасау басым секторларында салық жеңілдіктері, кедендік баж салығынан босату, инвестициялық субсидиялар және табиғи гранттар қарастырылған.

Басым инвестициялық жобалар үшін мынадай преференциялар көзделген:

- корпоративтік табыс салығын (КТС) және жер салығын 10 жылға, мүлік салығын 8 жылға төлеуден босату;

- объектіні пайдалануға бергеннен кейін мемлекет тарапынан инвестордың күрделі шығындарының 30% - ына дейінгі өтемақысы (инвестициялық субсидия);

- Салық кодексіне сәйкес салық мөлшерлемелерінің өзгеруі кезіндегі тұрақтылық кепілдігі;


- инвестициялық жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне және объектіні пайдалануға бергеннен кейін бір жылға квотадан тыс және рұқсатсыз, жасалатын келісімшарттар шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тарту құқығы [27].

Әлеуметтік факторға қатысты.

Шымкент қаласы халқының саны жыл сайын жоғары қарқынмен, атап айтқанда, орта есеппен 4% - ға өсуде. Соңғы 10 жылда Шымкент қаласы тұрақты демографиялық өсімді көрсетті: 2010 жылдың соңына қарай 629,1 мың адамнан 2021 жылдың маусым айына 1086,5 мың дейін өсті. Бұл көрсеткіш жоғары табиғи өсім есебінен және оң көші-қон айырымынан болып отыр. 2010-2019 жылдары аралығындағы көші-қонның жиынтық өсімі 94918

адамды құраса, табиғи өсім коэффициенті 21 %-дан 23,1 %-ға дейін жетті. 2018 жылда болған көші-қон айырымының күрт өсуі, қаланың 2018 жылы алған мәртебесімен байланысты. Өңіраралық көші-қон ағымында оң көші-қон сальдосының 90% - ға жуығы Түркістан облысының есебінен қалыптасты(1-кестені қараңыз).

1-кесте. Шымкент қаласының демографиялық өсім динамикасы



2021 жылдың басына қала халқының 48,2 % (500 439) ерлер, 51,8 % (537 713) әйелдер құрады. Ал, жас когорттары арасында айырмашылық байқалады (1 – қосымша, 2-сурет). Халықтың ең көп үлесін, яғни 31 %-ын 1-14 жастағы балалар және 17 %-ын 25-34 жастағы жастар құрайды.

Сондай-ақ, Шымкент қаласы халқының орташа жасы 28,1 жасты құрап, басқа қалалардың арасында 3 орында тұр, яғни халықтың жас құрылымын прогрессивті деп санауға болады.

Халықтың орташа жасы, Жыл, 2019



4-сур. ҚР бойынша халықтың орташа жасы

Демографтардың пікірінше, егер "балалардың" үлесі "ата-аналарының" нақты салмағынан асып кетсе, халықтың жас құрылымы прогрессивті деп санауға болады, ал керісінше болған жағдайда регрессивті болып саналады. Сонымен қатар, демографиялық зерттеулер барысында келесі заңдылықтар анықталды: - туу деңгейі неғұрлым жоғары болса, халық құрылымы соғұрлым жас болады; - халық құрылымы неғұрлым жас болса, туу деңгейі соғұрлым жоғары болады [28].

Бұдан шығатын қорытынды, Шымкент қаласының халқы ұдайы өсіп отыратын болады.

Экономикалық факторға қатысты.

Шымкент - дамыған және әртараптандырылған экономикасы бар және облыстың экономикалық дамуына негізгі үлес қосатын қала.

2020 жылға жалпы өңірлік өнім көлемі 1510632,8 млн. теңгені құрады, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 100,8% құрады.

2-кесте. Шымкент қаласының ЖӨӨ, 2020 жыл

Атауы	ЖӨӨ, млн. теңге	Нақты көлем индексі, өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен	Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге
Қазақстан Республикасы	45 803 255,2	97,2	2 446,7
Шымкент қаласы	1 510 632,8	100,8	1 439,0


ЖӨӨ-нің 2018 жылдан 2020 жылға дейінгі өсу динамикасына назар аударсақ, 2020 жылы айтарлықтай төмен екенін байқаймыз. Бұл Covid-19 пандемия кезінде індетті алдын алу мақсатында жасалған шектеу шараларының әсерінен болған.



5-сур. ЖӨӨ-нің өсу динамикасы

Қала халқының жан басына шаққандағы есебі бойынша бір адамға 1,4 млн.теңге мәнмен 14-орынды иеленді, бұл республикалық көрсеткіштен 1,7 есе аз. Өсу қарқыны жалпы республикалық деңгейден айтарлықтай төмен.

ЖӨӨ-нің құрылымында қызмет түрлерін көрсету – 32,3%, өнеркәсіп үлесі – 25,1%, көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуде – 18,8%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 11,7%, өнімдерге салынатын салықтар – 5,9%, құрылыс – 5% алып отыр.



6-сур. Шымкент қаласының ЖӨӨ құрылымы, 2020 жыл

Ал, өнеркәсіп салалары арасында өңдеуші сектор көш бастап тұр. 2020 жылы өнеркәсіптегі өнім көлемі **379,8** млрд.теңгені құраса, соның 335,9 млрд.теңгесі немесе 88,4%-ы өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Кен өндіру өнеркәсібінің үлесі – 0,01%, электрмен жабдықтауда – 10,2%, сумен жабдықтау саласында – 1,2%.




7-сур. Өнеркәсіп саласының құрылымы

Өнеркәсіптің соңғы 3 жылғы дамуына жасалған талдау келесіні көрсетті. 2016 жылмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінің көлемі 25,2% өсті, электрмен жабдықтауда өсім 65,5% және сумен жабдықтауда - 51,9% құрады, тау-кен өндірісінде 28,4% төмендеу байқалады.




8-сур. 2016-2019 жылдардағы өнеркәсіп өндірісінің динамикасы

ҚР салаларының ЖҚҚ-дағы өңірдің үлесі бар болғаны 3% - ды құрайды. Ең көп үлес өңдеу өнеркәсібіне және өзге де қызмет түрлеріне тиесілі – тиісінше 5,7% және 5,4%.



9-сур. ҚР салаларының ЖҚҚ-дағы өңірдің үлесі

ҚР-дағы өңдеу өнеркәсібінде Шымкент қаласының ең көп қатысуы тоқыма бұйымдары (40,5%), фармацевтика (35,1%) және жеңіл өнеркәсіп өнімдері (24,8%) сияқты салаларға тиесілі болды.



10-сур. ҚР салаларының ЖҚҚ-дағы өңірдің үлесі

Өңірдің өңдеу өнеркәсібінің негізін тамақ өнімдері, мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі, металлургиялық өнеркәсіп, фармацевтика, өзге де металл емес минералдық өнім өндірісі және машина жасау өнеркәсібі құрайды.

Ерекше минералды-шикізаттық, еңбек және рекреационды ресурстары бар қала ҚР өзге өңірлерімен мына салалар бойынша өзара әрекеттеседі:

- мұнай өнімдерін өндіру. Қалада еліміздің мұнай өңдейтін үш зауытының бірі – «Петро Қазақстан Ойл Продактс» Шымкент мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді. Кәсіпорын өнімді Қазақстанның Солтүстік, Орталық, Шығыс және Оңтүстік макроөңірлеріне жеткізеді;

- химия өнеркәсібі. Бұл салада еліміздің ең ірі фармацевтикалық компаниясы «Химфарм» АҚ бар. кәсіпорын өнімі ҚР барлық өңір нарықтарына дерлік, сондай-ақ Орталық Азия елдеріне жеткізіледі;

- «Шымкентцемент» АҚ, «Стандартцемент» ЖШС, «Зерде-Керамика» ЖШС құрылыс материалдарын өндірумен айналысады. Кәсіпорын өнімдері ҚР Оңтүстік, Шығыс және Орталық макроөңірлеріне жеткізіледі;

- машина жасау. «Электрокомплект-1» ЖШС және «KARLSKRONA LC АВ» ЖШС кәсіпорны өз өнімдерімен Орталық Азия елдерін (Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан) жабдықтайды;

- тоқыма өнеркәсібі. Шымкент қаласы қала Қазақстанның Түркістан облысының мақта өсіретін аймағына іргелес. Шикізат базасының жақындығына байланысты тоқыма өнеркәсібі мен дайын тігін өндірісі қалада сәтті дамып келеді. «AZALA Textile» ЖШС, «Бал-Текстиль» ЖШС, «Назар-Текстиль» ЖШС, «Хлопкопром-Целлюлоза» ЖШС және «ПК «АГФ Групп» ЖШС ҚР барлық өңірлерін және ТМД елдерін өз өнімімен қамтамасыз етеді [29].

2020 жылдың қаңтар-қазан айларында жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 24,7 млрд. теңгені құрап, ҚР өңірлері бойынша алдыңға орында тұр.



11-сур. 2020 жылдың қаңтар-қазан айларында жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі

Шымкент қаласы мен серіктес елдер арасындағы тауар айналымы 2019 жылы 1,7 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен

салыстырғанда 78,2% - ға жоғары (1,0 млрд. АҚШ). Қаладан әлем елдеріне экспорт 2019 жылы 81,4% - ға өсіп, 645,5 млн. АҚШ долларын құрады, импорт өз кезегінде 76,4% - ға өсіп, 1,1 млрд. АҚШ. құрады.

3-кесте. Шымкент қаласының сыртқы саудасы, млрд. АҚШ долл.


	2018	2019	Өсім 2018-2019	Үлесі
Тауарайналым	1,0	1,7	+78,2%	100%
Экспорт	0,3	0,6	+81,4%	35%
Импорт	0,6	1,1	+76,4%	65%

Дереккөзі: КС МНЭ РК, КГД МФ РК

Қаланың серіктес елдермен өңделген өнеркәсіп өнімдерімен сауда айналымы 1,3 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 90,8% - ға артық (0,7 млрд. АҚШ).



12-сур. Ел экспортындағы Шымкент қаласының үлесі



Дереккөзі: КС МНЭ РК, КГД МФ РК

13-сур. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс пен экспорт, 2019 ж

Экспорт құрылымында ауыл шаруашылығы тауарлары 34,4% немесе 222,6 млн. АҚШ долларын құрап басым болып тұр.

Одан әрі өнеркәсіп тауарлары - 206,2 млн. АҚШ долл. (31,9%), мұнай

өнімдері - 200,5 млн. АҚШ долл. (31%), мұнай - 0,0 мың. АҚШ доллары (0%).


4-кесте. Шымкент қаласының экономика секторлары бойынша экспорт құрылымы

	Экспорт, млн. АҚШ долл.		Үлесі	2018жыл/2019 жылдың қаңтар-наурыз айларына өсімі
	2018	2019		
Барлығы	356,4	646,5	100%	+81,4%
Ауыл шаруашылығы өнімі	92,2	222,6	34,4%	2,4 есе
Өнеркәсіптік тауарлар	138,6	206,2	31,9%	+48,7%
Мұнай өнімдері	120,2	200,5	31,0%	+66,8%

Дереккөзі: КС МНЭ РК, КГД МФ РК (2020 жылдың қыркүйек айына)

Қазақстанда ұлттық сауда жүйесінің көкейтесті проблемалық мәселелерін анықтап, талдау жасайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 616 «Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 6 желтоқсандағы қаулысына сәйкес құрылған «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы құрылған болатын. Бұл «QazTrade» АҚ қаулыға сәйкес жыл сайын елдің тауарайналымына талдау жүргізіп отырады [30].

Осыған сәйкес «QazTrade» АҚ эксперттерінің 2020 жылы жүргізген талдау нәтижесінде импортты алмастыру әдіснамасы шеңберінде СЭҚ ТН 10 белгісіндегі 746 тауар тізімін құрып, оларды Шымкент қаласының 7 718 кәсіпорны алмастыра алатын әлеуеті бар екенін анықтады. Тауарлар экономиканың 23 саласының ішінен өнеркәсіптің 11 түрі бойынша жіктеледі, кәсіпорындар ЭҚЖЖ-нің 125 бағытында қызмет атқарады.



14-сур. Шымкент қаласының өнеркәсіп бөлінісінде импортты алмастыру

Экономиканың 11 өнеркәсібінің ішінде өңірде тауарларды алмастыру бойынша негізгі көшбасшылар тамақ өнеркәсібі және машина жасау саласы болып табылады, тиісінше 27,5% және 16,0%.

Шымкент қаласының инвестициялық ахуалын және әлеуетін арттыру, шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қала аумағында екі индустриалды аймақтар және «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы жұмыс атқаруда. Онда жеңіл өнеркәсібі, металлургия, химия, фармацевтика салаларының өнімдері, құрылыс материалдары өндіріледі.

Инвестицияларды тарту мен экспортты дамытудың тиімді құралдарының бірі арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар (АЭА және ИА) болып табылады. Олардың жұмыс істеуінің артықшылығы ерекше кедендік, салықтық және валюталық режимдер, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету болып табылады. АЭА аумағында мүлікке корпоративтік табыс салығы, жер салығы және жеткізушілер үшін қосылған құн салығы (КҚС) үшін нөлдік мөлшерлеме қолданылады.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласында 1 "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы және 2 "Оңтүстік", "Тассай" индустриялық аймағы сәтті жұмыс істеуде.

Шымкент қаласының даму бағдарламаасына сәйкес 2021 жылы жалпы ауданы 306 га болатын тағы бір жаңа "Жұлдыз" индустриялық аймағы құру және "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын 500 га-ға кеңейту жоспарланып отыр [18].

«Оңтүстік» индустриалды аймағында 86,1 млрд.теңгені құрайтын, 5 мыңнан аса жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 92 жоба жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жалпы құны 41,0 млрд.теңгені құрайтын 66 жоба іске қосылып,

4 мыңнан аса жұмыс орындары ашылды. Оның ішінде 2019 жылы 6,0 млрд. теңгені құрайтын 8 жоба іске қосылып, 440 жұмыс орындары ашылды [19].

«Тассай» индустриалды аймағында жалпы құны 39,8 млрд.теңгені құрайтын 1 мыңнан аса жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 32 жоба іске асырылуда. Бүгінде 26,4 млрд.теңгені құрайтын, 700-ден аса жаңа жұмыс орнымен 14 жоба іске қосылды. Оның ішінде 2019 жылы 23,1 млрд.теңгені құрайтын 6 жоба іске қосылып, жаңа 394 жұмыс орындары ашылды [19].

"Жұлдыз" индустриялық аймағында кезең-кезеңімен 60 жоба жүзеге асырылатын болады. Жобалар негізінен құрылыс материалдары, металлургия, фармацевтика және жиһаз өнеркәсібіне бағытталған. Атап айтқанда, индустриалды аймақта трансформатор, полиэтилен құбыры, жылытқыштап, пенопласт, пеноплекс өндіретін өндіріс компаниялары орналасады деп жоспарлануда [31].

«Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақта құны 29,6 млрд.теңгені құрайтын, 1 610 жұмыс орындармен 15 жоба іске қосылды. Оның ішінде 2019 жылы жалпы инвестиция құны 568 млн.теңгені құрайтын 3 жоба іске қосылды: «Tumar Textile» ЖШС - аяқ-киім өндірісі (40 млн. тг.); «LuxShoes» ЖШС – аяқ-киім өндірісі (404 млн. тг.) [19].

Экологиялық факторға қатысты.

Шымкент көп жылдар бойы экологиялық жағынан осал өңір болып қала береді. Шымкент қаласының аумағында химия өнеркәсібінің, мұнай өңдеу, тоқыма, құрылыс өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары орналасқан.

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылауды "Қазгидромет" РМҚ 6 стационарлық бекетте жүргізеді, оның 4-уі қол режимінде, 2-уі автоматты түрде жұмыс істейді.

Шымкент қаласы үшін жасыл қаланы жоспарлау қазіргі уақытта аса маңызды бағыт болып табылады, өйткені қала ауаның ластануынан қатты зардап шегуде. ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес, 2020 жылы Шымкент қаласы ауаның ластану деңгейі бойынша қауіпті "қызыл тізімге" енген [32].

Бұдан басқа, ҚР-ның бірінші деңгейлі стратегиялық құжаттарында Шымкент қаласы өндірістік аймақ деп сипатталады, осыған байланысты қаланың 2050 жылдарға арналған даму стратегиясында өңірде өндірістік саланы одан әрі дамыту мақсат болып отыр. Бұл өз кезегінде экологияға қажетті деңгейде көңіл бөлінбеген жағдайда қаланың тұрақты дамуына кері әсерін тигізетінін көрсетеді.

Қалада салауатты және тұрақты өмір сүру ортасын қамтамасыз ету үшін қалаларда өмір сүру сапасын арттыруға, жергілікті қоғамдастықтардың өміршеңдігін арттыруға, тұрақты өмір салтын қалыптастыруға, сондай-ақ қала тұрғындарының денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін ең белсенді шаралар мен инновациялық тәсілдерді қабылдау қажет. Мұндай экологиялық проблемаларды шешудің ең жақсы әдістерінің бірі - жасыл кеңістікті ұлғайту.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) белгіленген нормасына сәйкес бір тұрғынға 50 шаршы метр қалалық жасыл желек отырғызылуы тиіс. Қаланы көгалдандыру жағдайында жақсы деп санау үшін өсімдіктер аумақтың 40-60% - ын алуы керек, ал ол 10% - дан аз болған кезде нашар деп саналады [33].

Қазіргі уақытта біздің елімізде қаланы көгалдандыру ҚР ҚНЖЕ 3.01-01-2002:13 белгіленген нормативі бойынша жүзеге асырылады, онда қала құрылысы шегінде әртүрлі мақсаттағы көгалдандырылған аумақтардың үлес салмағы 40%-дан кем болмауы тиіс, ал жалпы пайдаланудағы жасыл желектердің ауданы 10 ш. м/адамнан кем болмауы тиіс.

Қаланың бас жоспарына сәйкес 2020 жылға 1 адамға есептегенде жалпы пайдаланудағы жасыл желектер бар болғаны 4,3 шаршы метрді құрайды, бұл ДДҰ нормасынан айтарлықтай төмен (10.5 есе), сондай-ақ ҚР нормативіне сәйкес келмейді. Ал алаңы көгалдандырылған аумағы шамамен 22 пайызды құрайды [34].

Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға даму бағдарламаларында аймақтағы экологиялық ахуалды жақсарту мақсаты қойылып, «Жасыл белдеу» алаңының жыл сайын ұлғаюы секілді нысаналы көрсеткіш анықталды. Атап айтқанда, 2021-2025 жылдарға 16 626 га-ға ұлғаю керек [19].

Алайда бұл нысаналы көрсеткіш, жалпы пайдаланудағы жасыл желектер алаңын үлкейтуімен байланысты емес.

Сондай-ақ, Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспарындағы 85-міндеті «Қала аумағында 2019-2023 жылдары көшеттердің санын 5460,0 данаға және жасыл аймақтарды 13000 га арттыру», ашылып жазылмағандықтың, өңірде жасыл аймақ көлемін ұлғайту «Жасыл белдеу» алаңын ұлғайту есебінен орындау көзделіп отыр [35].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Шымкент қаласында көгалдандыру қолайлы табиғи-климаттық жағдайларға, сондай-ақ жасыл желектер үшін жеткілікті жерлерге ие бола отырып, қаланы көгалдандыру мәселелеріне аса мұқтаж.

Шымкент қаласының негізгі ерекшеліктері

Әдетте белгілі бір өңірдің даму перспективалары сол өңірді дамыту стратегияларынан көрініс табады.

Даму стратегиясы ұғымына түсінік берсек, бұл қаланың кейінгі әзірленетін даму бағдарламалары бастау алатын және әлеуметтік-экономикалық және кеңістіктік дамуының ұзақ мерзімді кезеңге арналған негізгі мақсаттарын, қағидаттары мен бағдарларын ашатын, болашақ дамудың белгісіздігін төмендетуге мүмкіндік беретін және тұрғындарға өзгерістердің сәтті нәтижесіне сенім ұялататын маңызды құжат.

Қаланың даму стратегиясы корпоративтік болуы тиіс: ол қалалық қоғамдастықты дамытудың жалпы міндеттерін анықтауға және оны біріктіруші мүдделерді белгілеу мен іске асыру негізінде біріктіруге арналған. Бұл кәсіпкерлер, билік органдары, ғалымдар, қоғамдық ұйымдардың мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері – аумақтың барлық негізгі стейкхолдерлері (мүдделі тараптар) қаланың даму перспективалары туралы келісілген, көп жағдайда ымыралы ұсынуға, осы перспективаларды іске асыру үшін жағдай жасауға, жалпы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды жұмылдыруға ұмтылуға тиіс дегенді білдіреді.

Қаланың ұзақ немесе қысқа мерзімдегі даму пайымы ең алдымен сол өңірдің өзіндік табиғи, саяси, экономикалық, ұлттық және де басқа факторларын ескере отырып, анықталуы керек.

Шымкент қаласының еліміздің басқа ірі Нұр-Сұлтан, Алматы сияқты мегаполистерден айырмашылығына назар аударсақ, қала жер көлемі бойынша бірінші орынды иеленеді және елу пайызынан астамы ауыл шаруашылығына арналған жерлер.

Қазіргі таңда Шымкент қаласының жер көлемі 116 280 га құрайды, елдің ауданының 0,04% құрап отыр. Сонымен қатар, жер көлемінің 62 613 га немесе 53,84 %-ы ауыл шаруашылығына арналған жерлер, 37 612 га жер қала мен ауылдық елді мекен жерлері немесе 32,34 %, ал өнеркәсіп саласына арналған жер 6 %-ды құрайды [18].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 қыркүйекте бекітілген Шымкент қаласының бас жоспарына сәйкес есепті мерзім 2025 жылға қарай селитебті аймақтар, яғни тұрғын және қоғамдық құрылыстар, ортақ пайдаланылатын жас көшеттер, магистральдік көшелер мен алаңдар, 51 286 га-ға арттады деп көрсетілген. Ал қалған 64994 га жер бөлігі, ауыл шаруашылығы пайдаланудағы, өнеркәсіптік-өндірістік, коммуналдық-қоймалық және т.б. селитебті емес аймақтарға арналмақ [36].

Бұл өз кезегінде Шымкент қаласында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға және тамақ, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді.



15-сур. Шымкент қаласының жер қорының нысаналы мақсаттары

Екінші жағынан Шымкент қаласының теңіз деңгейінен 503 м биіктікте жатыр. Ауа-райы айтарлықтай жылы. Кеппен-Гайгердің Csa жүйесімен жіктелуі бойынша Шымкент қаласының орташа жылдық температура 13.2 °C, жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері - 645 мм құрайды. Қыста Шымкент қаласында жазға қарағанда жауын-шашын көп түседі [37].

Қазақстанның басқа бөліктерімен салыстырғанда Шымкенттегі климат жұмсақ. Климат (суармалы) ашық далалық көгалдандыру үшін өте жақсы, қосымша опция ретінде жабық дақылдары бар (қарапайым туннельді жылыжайлар немесе жетілдірілген шыны жылыжайлар). Оңтүстік тау бөктеріндегі биіктікте алма мен алмұрт сияқты жемістер жақсы өнім береді. Мал шаруашылығын дамыту үшін жағдай да қолайлы.

	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
Орта температура (°C)	-0.8	1.1	7.9	13.8	19.5	24.4	26.9	26.2	20.5	13	5.7	0.1
ең төменгі температура (°C)	-5.6	-4.4	1.6	7.2	12.4	16.7	19	18.4	13.1	6.7	0.7	-4.7
ең жоғарғы температура (°C)	4.5	6.7	13.9	19.6	25.4	30.6	33.2	32.8	27.4	19.4	11.4	5.5
Жауын-шашын мөлшері (мм)	74	82	92	97	65	28	13	7	10	39	66	72
Ылғалдылық(%)	73%	70%	65%	62%	55%	41%	35%	33%	37%	51%	69%	71%
Жаңбырлы күндер (ж)	8	8	9	8	7	4	2	1	2	4	7	8
күн бойлығы (сағат)	6.3	7.0	8.5	10.4	12.6	13.6	13.4	12.5	11.1	9.1	7.2	6.2

16-сур. Шымкент қаласының климаттық графигі

Шымкент қаласындағы агроөнеркәсіптік кешеннің даму кооперативтердің дамуымен байланысты болып отыр. Оған басты себеп, қаланың ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің ең көп үлесі шоғырланған Қазақстан аймағында орналасуы. Нақтылып айтқанда, көршілес жатқан Түркістан облысында 2020 жылғы 1 шілдесіне 71 842 шаруа немесе фермер қожалықтары, 10 923 дара кәсіпкерлер, 255 546 кенттің, ауылдың, ауылдық округтердің үй шаруашылықтары тіркелген [13].

Сондай-ақ, Шымкент қаласында тіркелген шаруа немесе фермер қожалықтары 3252 бірлікті құрап, Алматы қаласынан 4 есе, Нұр-Сұлтан қаласынан 11 есеге көп екенін көрсетеді.

Бұл статистикалық ақпарат 2013 жылғы 31 желтоқсанда бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 371 қаулысы мен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 21/177-V шешімі негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласының, Ордабасы, Сайрам және Төлеби аудандарының әкімшілік шекаралары жоғарыда аталған аудандардан жалпы көлемі 76200,34 гектар жер бөлігі Шымкент қаласының әкімшілік шекарасына қосылуымен түсіндіріледі [38].

Қаланың бас жоспары бойынша 2015 жыл шекараны кеңейту мақсатында 41 елді мекені қала меншігіне өткен болатын. Бұл өз кезегінде қала халқының ауыл фермерлік шаруашылықпен айналысуға бейімділігін көрсетеді.



Бұдан бөлек Шымкент қаласынның Шымкент агломерациясының орталығы екенін ескерсек, жоғарыда аталған бірінші деңгейлі құжаттарда қала агломерация орталығы ретінде дамуы керек екені бірнеше рет аталып өткен.

Өңіраралық схемаға сәйкес Шымкент агломерациясы экономикасының басты саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар, көкөністерді, жемістерді, бақша дақылдарын, жүзімді өндіру көлемінің өсімі, жылыжай шаруашылығын дамыту бәсекеге қабілетті агроөндірістік кешенді дамыту үшін алғышарттар жасайды.

Сонымен қатар, 2016 жылғы 14 желтоқсандағы Дүниежүзілік Банк бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы аясында «Шымкент агломерациясын дамыту кезінде пилоттауға қалалық агломерациялар үшін саяси және институционалдық жол картасын айқындау» атты есебі әзірлеген болатын [39].

Аталған бұл стратегиялық есепте, «Шымкент агломерациясы - "Жібек Жолының жүрегі" ретінде Еуразия үшін халықаралық транзиттік орталық; орнықты және бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік өндіріс орталығы; мінажат ету, туризм және спорт орталығы; және адами әлеуетті іске асыру, өмір сүру сапасын және әл-ауқаттың тұрақты өсуін қамтамасыз ету орталығы ретінде дамитын болады» деген Шымкент агломерациясы үшін арнайы болжамның тұжырымы ұсынылып, агломерацияны дамытуға нақты мақсаттар мен міндеттер және қажетті ресурстар көлемін де айқандап берді.

Бұл стратегиялық есепке сәйкес басымдылығы жоғары болған мақсатының бірі бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығын дамыту болып табылады және бұл өз кезегінде қосылған құн мен озық технологияларды қолдану, неғұрлым білікті қызметкерлерді жалдау, неғұрлым терең өндеу арқылы өнімділікті арттыруымен байланысты.

Жоғары басымдық фермерлік кооперативтер мен ынтымақтастық тетіктерін дамыту арқылы ұсақ фермерлердің жағдайын нығайтуға беріліп отыр. Өнімділікті арттыратын және ауыл шаруашылығы секторының сапасын жақсартатын шикізаттың өндірілуінен бастап соңғы пайдаланушыға жеткізгенге дейінгі үдерістерді қамтитын іс-шаралар кешенін әзірлеу ұсынылып отыр.

Мұндай іс-шаралардың тиімділігі әлемдік тәжірибелерден байқалады. Мысалы, Ванкувер (Канада) маңында ауылшаруашылық жерлер жеткілікті және ауылшаруашылығы үшін тамаша жағдайлар бар. 2011 жылы Метро Ванкувер агломерациясы ұйымы «Азық-түлік жүйесінің аймақтық стратегиясын» қабылдаған болатын. Стратегия Ванкувердің азық-түлік жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын және оның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанды. Бұл үдеріс көптеген мүдделі тараптардың: фермерлердің, тамақ өндірушілердің, дистрибьюторлардың және бөлшек сауда орындарының, денсаулық сақтау жетекшілерінің, муниципалитеттердің, аймақтық және ұлттық үкіметтер мен олардың ведомстволарының, сондай-ақ ҮЕҰ, қоғамдық топтар мен академиялардың қатысуымен жасалды. Ауылдық

және қалалық муниципалитеттерді бірнеше жеке мүдделі тараптармен біріктіру ауылшаруашылық жерлерін қорғауға синергетикалық әсер алуға, жергілікті тәжірибені жақсартуға және азық-түлік өндірісінің тұрақты әдістерін қолдануға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл NEXUS Urban ретінде белгілі болды [39].

2019 жылы экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының "Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуды ынталандыру" жобасы аясындағы есебінде Қазақстанда ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға көп мүмкіндік бар екенін, атап айтқанда елдің оңтүстік өңірінде қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласы өте жақсы дамыған елдер тізімін Германия, Нидерланды, Австрия және Швеция, Франция, Финляндия сияқты елдер құрап отыр. Германия елін алатын болсақ ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны 2 316 бірлікті құраса, ал кооператив мүшелерінің саны 1 400 000 құрайды, пайыздық көрсеткішпен 491 %. Дамыған елдерде кооператив саны көп болмасада, оларға біріктірілген ұсақ немесе орта жеке шаруашылықтардың саны жоғары, тіпті көбісі 100 пайыздан асып отыр. Бұл 1 шауа қожалығының бірнеше кооперативте тіркелуімен түсіндіріледі [40].

Ал, Қазақстанда кооператив құрамына кірген шауа қожалықтарының пайыздық үлесі 3,4 % ғана құрап отыр.

Ел	Тіркелген кооперативтер саны	Кооперативтер мүшелерінің саны	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жылдық айналымы (млн.евро)	Фермерлік шаруашылықтар саны	Фермерлік шаруашылықтардың жалпы санынан кооперативтер мүшелерінің үлесі
Австрия	1020	306300	8480	140430	218%
Хорватия	509	7925	112	157440	5%
Чехия	364	915	1327	26250	3,5%
Дания	28	45710	25009	38280	119%
ЕС-28	21769	6172746	347000	10838290	57%
Финляндия	33	139533	11770	54400	256%
Франция	14429	451230	86000	472210	96%
Грузия	1168	8306	-	642200	1,3%
Германия	2316	1400000	66000	285030	491%
Венгрия	1116	31544	1058	491330	6,4%
Ирландия	75	201684	14150	139600	144%
Италия	6741	792092	38300	1010330	78%
Қазақстан	2872	62825	-	1843945	3,4%
Литва	402	12900	714	171800	7,5%
Мальта	16	2323	-	9360	25%
Нидерланды	37	99884	27753	67480	148%
Норвегия	16	40000	6914	43270	92%
Польша	2991	317200	7100	1429010	22%
Румыния	690	9302	85	3629660	0,3%
Словакия	136	5654	1151	23570	24%
Испания	3844	1179323	25700	965000	122%
Швеция	30	160350	7440	67150	239%
Турция	12567	4232596	-	3076000	138%

Великобритания	625	157235	8760	183040	86%
США	1953	1901418	172139	2060000	92%

18-сур. Әлем елдеріндегі кооператив және оның құрамындағы мүшелерінің үлесі

Ауыл шаруашылығы кооперациялары мен агроөнеркәсіптік кешен мен өнеркәсіпті интеграциялау негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді арттыру, жылыжайларды, сүт-тауарлық фермаларды, ет бағытындағы фермаларды, мал соятын пункттерді, сервистік-даярлау орталықтарын, қоймалық үй-жайларды салу жөніндегі іс-шараларды өткізу ұсынылған. Бұл өз кезегінде агломерацияның өңдеуші кәсіпорнына шикізатты одан әрі тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Агломерацияның тамақ өнеркәсібін дамыту жергілікті экологиялық таза шикізатты пайдалануға қолжетімділікке, түпкілікті өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, салада инвестициялардың көлемін ұлғайтуға және жаңа кәсіпорын құру, тамақ өнімдері бағасының қолайлы серпініне, Шымкент қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құруға ықпал ететін болады.

Қорытындылай келе, Шымкент қаласында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, бұл саланы басымдыққа алуға барлық әлеуеті бар екенін көруге болады.

Алайда, мұнда бір ескеретін жағдай ол - Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала деген ерекше мәртебесі. Ауыл шаруашылығы саласы мен қала халқының тұруына қолайлы, экологиялық тұрғысынан таза, қауіпсіз заманауи мегаполис арасында қарама-қайшылық бар.

Жалпы қазіргі таңда қала ұғымына қатысты кеңестік және шетелдік қазіргі тарихнамада капиталистікке дейінгі қала ең алдымен қолөнер мен сауданың орталығы болды және оның тұрғындарының көпшілігі тікелей тамақ өндіруге қатыспады, яғни егіншілік пен мал шаруашылығымен айналыспады деген пікір кең таралған.

Тіпті энциклопедиялық сөздікте қала - тұрғындары, әдетте, ауыл шаруашылығы саласынан тыс орналасқан елді мекен қарастырады [41].

Қала - халықтың саны, оның тұрғындарының көпшілігінің кәсібі, географиялық, экономикалық, тарихи және мәдени маңызын ескерілген, тиісті мәртебесі бар елді мекен; қала санатына жатқызу тәртібі, әдетте, әрбір нақты мемлекетте заңды түрде белгіленеді. Бірқатар елдерде қала мен ауылдық елді мекендер арасындағы аралық позицияны алатын қалалық елді мекендер ерекшеленеді. Қаланы бөлудің ең көп таралған критерийі-тұрғындар саны (әдетте адам санының ең аз шегі 1-ден 2,5 мың адамға дейін). Халық тығыздығы төмен бірқатар солтүстік елдер мен аумақтарда (Гренландия, Исландия, Норвегия, Швеция) қала тұрғындарының саны 200 адамнан асатын барлық елді мекендер болып саналады, ал Жапонияда, мысалы, халық саны 50 мыңнан асатын елді мекендер. адам, бұл ретте оның еңбекке қабілетті тұрғындарының (олардың үй шаруашылықтарының мүшелерін қоса алғанда)

кемінде 60%-ы ауыл шаруашылығы өндірісінен тыс (өнеркәсіпте, саудада және т.б.) жұмыспен қамтылған, үйлердің 60% - ы тоқтап тұрған учаскелерде орналасқан. Перу мен Угандада Қала 100 адамнан тұратын елді мекендерді қамтиды; Перудағы қосымша критерий-тұрғындардың ықшам тұруы, Угандада Қала әкімшілік немесе сауда орталығы болуы керек [42].

М. Вебер өз кезегінде "таза экономикалық анықтама тұрғысынан қала тұрғындары көбінесе ауылшаруашылық жұмысымен емес, сауда мен өнеркәсіппен өмір сүретін елді мекен деп атауға болады" деген пікір қалдырған [43].

В. Майер-Оакс (АҚШ) тіпті қалада, оның мәні мен көлеміне қарамастан, халықтың 75% — ы ауыл шаруашылығымен (бұл жағдайда-егіншілікпен) байланысты болмауы керек деп санаған[43].

Алайда, урбанистика мәселелері бойынша француз басылымдарының бірінде «...егер қала әрдайым ауылдық жерлерге қарсы болса, онда әр түрлі дәуірлердегі оппозицияның өзі әртүрлі мағынаға ие болды. Өркениеттің әр формасы өзінің қала ұғымына сәйкес келеді..ежелгі дәуірдегі ең әйгілі қалалар, негізінен фермерлер мекендеген, егер біз оларға XX ғасырдың өлшемімен жақындасақ, қалалық елді мекендер қатарына қосыла алмас едік...» делінген, яғни әр түрлі елдерде және әр уақытта қала санатына жатқызу шарттары мен идеясы өзгеріп отырғаны айтылған [44].

Әлемдік тәжірибеге назар салсақ, бүгінгі таңда, ауыл шаруашылығы өте жақсы дамыған заманауи әрі бір елдің астанасы болып отырған қалалар аз емес. Жоғары өнімді ауылшаруашылық қызметі көптеген еуропалық мегаполистерде жүзеге асырылады. Мысалы, Франция елінің астанасы Париждің маңында Иль-де-Франс аралының тек 10 пайызы қарқынды егіншілікпен айналысады, алайда қала маңындағы ауыл шаруашылығы негізінен көкөністер, гүлдер мен жемістер түрінде аймақтық дақылдардың құнының шамамен 35 пайызын құрайды. Өндірушілер әдетте өз өнімдерін тікелей париждіктерге немесе жергілікті нарықтарға сатады. (Пужол және Бегуилер, 1998) [45].

Лондонда 30 000 - ға жуық белсенді бағбандар жалпы 831 га қоғамдық жерді басқарады, олардың 13,4 пайызы қала аймағында, ал қалған бөлігі Ұлыбритания астанасының шетінде орналасқан (Кроух, 1997) [46]. Қала маңындағы аудандарда 13,566 га мемлекеттік немесе жеке жерлерді қамтитын көгалдандыру басым; дегенмен, бұл қаланың дамуына үнемі қысым жасау нәтижесінде айтарлықтай төмендейді. Лондонда сонымен қатар 2,5 га-ға дейінгі сегіз қалалық ферма бар, «мал шаруашылығы басым» (Гарнетт, 2000). Сонымен қатар, үлкен Лондонда шамамен 1000 ара өсірушілер бар, олар жылына шамамен 27000 кг бал шығарады (Гарнетт, 2000) [47].

Португалия астанасы Лиссабонда қала ішіндегі шағын ауыл шаруашылығы табиғи көгалдандырумен бірге апельсин, мандарин, құрма, тіпті банан мен авокадо жиі өсірілетін аулаларда кеңінен қолданылады. Қала маңындағы муниципалитеттерде ауыстырылатын фермалар (қалалардың үздіксіз өсуіне байланысты) және жол бойындағы ауылшаруашылық

учаскелері кең таралған, онда көкөністер, гүлдер және жақсы шарап өндіруге жарамды өте жақсы жүзім өсіріледі. Кейбір муниципалитеттерде ірімшік өндіру үшін сүтке ірі қара, қой және ешкі өсіріледі. Түйеқұстар да өсіріледі - олардың етін тұтынушылар жоғары бағалайды, әсіресе Еуропаның кейбір бөліктерінде сиыр құтыруы (ірі қара малдың энцефалопатиясы-BSE) басталғаннан кейін (Madaleno, 2001) [48].

Дегенмен, бұл қалаларда ауыл шаруашылығымен байланысты кәсіптер қала орталығында емес, қала маңында орналасқан.

Қазіргі заманғы қалаларда көбінесе үш тән аудан бар.

1. Қала орталығы қаланың іскери бөлігі деп аталады. Ол дүкендерден, банктерден, үкіметтік ғимараттардан және мәдени көрікті жерлерден тұрады. Көптеген адамдар қала орталығына жұмыс істеуге, оқуға немесе ойын-сауық орталықтарына келеді.

2. Зауыттар, қоймалар, диірмендер және басқа да кәсіпорындары бар өнеркәсіптік аймақ қала орталығының айналасында орналасқан.

3. Қала маңы-бұл қала орталығынан ең алыс жерлер. Бұл көптеген адамдар тұратын жаңа тұрғын аудандар. Қала маңындағы жерлер көбінесе ауыл шаруашылығы мақсатында жерлер.

Қазіргі заманғы қала - бұл, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындар, жылу энергетикалық кешен объектілері, тұрғын үй, халыққа қызмет көрсететін мәдени-тұрмыстық және сауда кәсіпорындары, білім беру және денсаулық сақтау объектілері, әкімшілік және басқа да мекемелер құрайтын өте күрделі организм.

Қала құрылысының негізгі мақсаты қаланы абаттандырудың жоғары деңгейін, қала тұрғындарының еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын жасау, оларға толық мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады. Ал, абаттандырылған қала таза ауа мен жасыл желектің көптігі, өмір сүру, жұмыс істеу, қозғалыс, демалыс және мәдени демалыс үшін барынша қолайлылығымен сипатталады.

Қазіргі таңда, Шымкент қаласының орталық көшелерінде, атап айтқанда, Дулати, Ғ.Иляева, Таукехан көшесі бойында орналасқан Кен-Баба этносаябағына жақын маңда және т.б. орталық бөліктерінде, жеке үй тұрғындарының мал асырау, сату және ұсақ малды бордақылау, сою сияқты кәсіппен айналысатыны туралы факт тіркелген. Өкінішке орай, бүгінде қанша тұрғын өз үйлерінде мал асырайтыны туралы статистикалық деректер жоқ, алайда, Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы мамандарының айтуы бойынша ай сайын келіп түсетін арыз-шағымдарының кемінде 1-2-уі осы мәселемен байланысты болуы, басқарманың «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мамандарының айтуымен бұл факт расталады. Сондай-ақ, қала тұрғындарын мазалайтын және шешуді жедел талап ететін мұндай мәселелер БАҚ өкілдерінің назарынан тыс қалып қоймайтыны анық. Мәселен, 2020 жылы 21 тамыз айында жарияланған «Шымкент келбеті» жергілікті газетінің ресми сайтында 2016 жылдан бері

шешімін таппаған Минира КАРИМОВА есімді тұрғынның мәселесі жарияланған [49].

Қала орталығында мал ұстау ең бірінші кезекте, қала тұрғындарына тұруына қолайсыздық туғызып, экологияға зиян тигізу арқылы қала имиджіне теріс әсер етіп отыр. Тағы бір ескеретін жағдай, қала инфраструктурасы мұндай кәсіпке арналмаған. Мал бордақылау арнайы салынған орындарда жүзеге асырылуы қажет. Шымкент қаласында мұндай орын бар.

Мысалы, "Бозарық" шағын ауданында мамандандырылған цех, барлық халал* (халал) стандарттарына сәйкес келеді. Бір ауысымда жаңа цехта 240 бас ұсақ және 60 бас ірі қара, 60 бас жылқы болады. Жаңа цех заманауи жабдықтармен жабдықталған. Мұнда барлығы ұсақ – түйекке дейін-мал түскен сәттен бастап тоңазытқыш бөлмесіне дейін ойластырылған. Сондай-ақ, мал күту залы деп аталатын орында бар. Жобаның жалпы құны 338 млн.теңге, оның 361 млн. теңгесі – "Халал қасап" ауыл шаруашылығы кооперативінің инвестициялық қаражаты есебінен [18].

Сондықтан да, бұл мәселенің бірден-бір шешімі, мал асырау, сою, бордақылау пунктерін қала орталығынан қала сыртына көшіру болып табылады.

Жоғарыдағы ақпараттарды ескере отырып, Шымкент қаласын Қазақстанның ғана емес бүкіл Орта Азияның өсу орталығы мен тартылыс нүктесі ретінде қалыптастыру бойынша **мынадай ұсыныстар** беріледі.

1. 2017 жылдың 24-25 қарашасында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде М.Әуезовтің «мегаполистердің агроазық-түлік белдеулері және Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперациясы: проблемалар, ізденістер мен шешімдер» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Жаратылыстану Академиясының корреспондент - мүшесі Баймұханов Тимур Сұлтанбекұлының «Шымкент қаласының аграрлық азық-түлік белдеуінің тұжырымдамасы мен моделінің кейбір мәселелері» тақырыбындағы баяндамасына [50], және 2016 жылы Дүниежүзілік Банк эксперттері Шымкент агломерацияның даму бағыттарына жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Шымкент қаласының экономикасын дамыту барысында экономикасының негізгі драйверіне айналу әлеуеті бар агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды басымдыққа алуды ұсынамын.

Бұл бағыттағы алғашқы міндет - ауыл шаруашылығы мәселелерін талқылау және үйлестіру бойынша құрамына үкімет, іскерлік ұйымдар (шағын фермерлік шаруашылықтар және ірі өндірушілер, қайта өңдеушілер, көтерме / бөлшек саудагерлер), ғылыми институттар өкілдерінің және тұтынушылар кіретін «Шымкент агломерациясының ауыл шаруашылығын дамыту кеңесі (АШДК)» құру. Мұндай ұйымдар өз кезегін де, кооператив саны мен мүшелерін арттыруға ықпал жасайды.

Осы арқылы Қазақстан аумағындағы ең көп шоғырланған Түркістан облысы және қала аумағындағы шаруа, фермер қожалықтары, дара

кәсіпкерлер мен үй шаруашылықтарының басын біріктіру арқылы жергілікті деңгейдегі әлеует артып, көбірек азық-түлік өндіруге жол ашылады. Бұл өз кезегінде, мемлекет басшысының қала – мегаполистерінде агроазық-түлік белдеуін қалыптастыруға қойған міндетін орындауға мүмкіндік береді.

2. Қазіргі таңда Шымкент қаласы ауаның ластану деңгейі бойынша қауіпті "қызыл аймаққа" кіретінін ескеріп, және қаланы көгалдандыру бойынша жобалардың өңір басшысының ауысыуымен аяғына дейін жетпеуінен туындап отырған жалпы қолданыстағы жасыл желектер ауданының аздығын ҚР ҚНЖЕ 3.01-01-2002:13 белгіленген нормативке сәйкестендіру үшін мыналарды ұсынамын:

- қалалық жасыл желектерді дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және әзірлеуге жергілікті тұрғындарды белсенді тарту қажет;
- жергілікті билік органдары шеңберінде, сондай-ақ қоғамдық топтармен және жеке субъектілермен сектораралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;
- қалалық жасыл кеңістіктер қаланы жоспарлаудың және жасыл инфрақұрылымның кең желісін құрудың жалпы процесінің бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Қаланы көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар жергілікті жоспарлау шеңберіне және бас жоспарға енгізілуі тиіс және олар басқа секторлардың (мысалы, тұрғын үй, көлік, денсаулық сақтау, тұрақтылықты қамтамасыз ету, биоәртүрлілік және т.б. мәселелерімен айналысатын секторлар) саясатында көрініс табуы тиіс.

Шымкент қаласының әкімдігі тарапынан 2020 жылы Шымкент қаласының бас жоспарының тұжырымдамасына (концепция) ашық халықаралық байқау жарияланып, Шымкент қаласы бас жоспарының ең үздік тұжырымдамасын әзірлеген «Фонд Градостроителей» ЖШС болып анықталды. Аталған жаңа бас-жоспар 2021-2022 жылдары жасалынады деп жоспарлануда [51].


3. Қаланың орталық көшелеріндегі мал асырау, сату, сою, бордақылау пунктерін қала орталығынан шығару бойынша 2017 жылы қала әкімдігімен әзірленген, алайда бүгінгі таңда заңдық күшке ие емес Шымкент қаласында жануарларды асырау қағидаларына сілтеме бере отырып, мыналарды ұсынамын:

- Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 62/536-бс шешімімен бекітілген және Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 90 нөмірімен тіркелген Шымкент қаласының аумағында жануарларды асырау қағидасында халықтың денсаулығын жануарлар ауруларынан қорғау және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында қала аумағын жеке және заңды тұлғалардың жануарларды ұстау және өсіру бойынша үш аймаққа бөлу мәселесін қарастыруды [52].

- Сәйкесінше, 1 аймақта - мұнда көп қабатты және жеке үйлер орналасқан жерде иттер мен мысықтарды қоспағанда, ауылшаруашылық жануарлары мен құстарды ұстауға және өсіруге қатаң тыйым салынатын аймақ.

- 2 аймақ - Шымкент қаласының Бас жоспарына сәйкес, осы аймақта мал жаюға арналған орындардың және мал айдайтын жолдардың болмауына байланысты мал қораларында ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтай отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды ұстауға және өсіруге рұқсат етіледі.

- 3 аймақ - Осы елді мекендерде малға арналған үй-жайларда ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды ұстауға және өсіруге және оларды бос жерлерде жаюға рұқсат етіледі.



19-сур. Шымкент қаласының жануарларды ұстау және өсіру бойынша үш аймағы

Қорытынды

Бірінші деңгейлі стратегиялық құжаттарда, атап айтқанда Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасы, жазылғандай Шымкент қаласының дамуы Шымкент агломерациясының дамуымен тікелей байланысты. Бұл өз кезегінде Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасында нақты көрсеткен агроөнеркәсіптік кешенді қолға алуды меңзеп тұр.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей Шымкент қаласының еліміздің ғана емес бүкіл Орта Азия елдерінің экономикалық өсу орталығына айналуында агроөнеркәсіптік кешеннің алатын орны орасан зор және бұл саланы басымдыққа ала отырып, агроазық-түлік белдеуін құруға бар мүмкіндігі бар. Атап айтқанда,

- Тиімді географиялық орналасуы (Ұлы Жібек Жолының қақ ортасы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәліз, перспективада Шымкент – Ташкент – Худжанд трансшекаралық экономикалық дәліз, Ташкент арқылы Иран, Турция елдерінің нарығына шығу мүмкіндігі);

- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің бар болуы (бүгінгі таңда, 53,4 % - ы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер);

- Ауыл шаруашылығын дамыту үшін қолайлы климат (орташа жылдық температура 13.2 °С, бұл көкөніс, жеміс-жидектер өсіруге, өсімдік шаруашылығы, бақша дақылдарын өсіруге қолайлы);

- Шымкент агломерациясының орталығы (Түркістан облысының ауыл шаруашылығына бейімделген аудандармен тығыз қарым-қатынаста, яғни облыс аудандары қала үшін шикізат көзі болып табылады);

- Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың көп шоғырланған аймағы (мысалы, көршілес жатқан Түркістан облысында 2020 жылғы 1 шілдесіне 71 842 шаруа немесе фермер қожалықтары, 10 923 дара кәсіпкерлер, 255 546 кенттің, ауылдың, ауылдық округтердің ұй шаруашылықтары тіркелген);

Шымкент қаласының маңайында агроазық-түлік белдеуін құру, халық саны 2 миллионнан асатын оңтүстік агломерацияның тұрғындарын ғана емес бүкіл Қазақстанда азық-түлікпен қамтамасыз етуге, азық-түлік бағасын реттеуге, сондай-ақ Орта Азияның елдерін сапасы жоғары, экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл сәйкесінше болашақта өңір экономикасын көтеріп, оның басты драйверіне айналатыны сөзсіз.

Шымкент қаласы Орта Азияның тартылыс нүктесі болу үшін және тек инвесторлар, бизнесмендер үшін ғана емес талантты жастарға, экономиканың басты ресурсы болып табылатын адамдарға да тартымдылығын арттыруда экология мәселесі маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, қаланың тұрақты даму ұғымы даму тұрақтылықтың үш өлшемі: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік арасындағы тепе-теңдік сақталуымен тікелей байланысты. Осыған

байланысты, өңірді көгалдандыру, жасыл аймақтардың, әсіресе жалпы пайдаланудағы жасыл желектер алаңын ұлғайту қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей өңір басшысының ауысуымен осы саладағы жобалардың аяғына дейін орындалмауы, экология мәселесін күрделендіріп отыр. Жалпы, экология мәселесі тек мемлекеттің ғана мойнына артылған міндет емес, бұл бүкіл тұрғындардың бірлесе отырып шешуді талап етіп отырған ауқымды іс. Сондықтан да, қала тұрғындарын осы мәселеде жаппай араластыру, оларды көгалдандыруға байланысты іс-шараларға тарту, жобаның аяғына дейін сәтті жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Шымкент қаласының ресми түрде Қазақстанның республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан кейінгі үшінші қаласы болса да, халықтың бұл қала туралы ой-пікірі «Шымкент – үлкен ауыл» дегеннен аспайды. Бұның бірден-бір себебі, қала тұрғындарының орталық көшелерінде мал асырау кәсібімен айналысуы. Бұл өз кезегінде, қала экологиясына зиян тигізуімен қатар, маңайында көрші тұрған халықтың наразылығын тудыруда.

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей әдетте мұндай кәсіптер қала маңында, яғни орталығынан алыс жатқан жерінде орналасуы керек.

Осыған байланысты Шымкент қаласын имиджін көтеру үшін қала аумағын жануарларды асырау бойынша сәйкесінше үш аймаққа бөлу қаланың Қазақстанның үшінші ірі мегаполисі деген мәртебесіне лайықты етуде алғашқы қадамы болмақ.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. 2018 Revision of World Urbanization Prospects. In the reference: <https://www.un.org/development/desa/publications/2018-revision-of-world-urbanization-prospects.html> (06 қараша 2020 ж.) - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.
2. The World Bank overview of urban development. In the reference: <https://www.worldbank.org/en/topic/urbandevelopment/overview#:~:text=With%20more%20than%2080%25%20of,and%20new%20ideas%20to%20emerge> - Қаралған күні: 19.01.2021 ж.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы [2013 жылғы 23 желтоқсанда қабылданған № 1385] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» Жарлығы [2011 жылғы 21 шілдеде қабылданған № 118] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000118> - Қаралған күні: 25.06.2020 ж.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы» [2013 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған № 1434] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.
6. Яковенко, О.В. Устойчивое развитие города: Философско-методологические проблемы, кандидат философских наук, 1999 г. / <https://www.dissercat.com/content/ustoichivoe-razvitie-goroda-filosofsko-metodologicheskie-problemy> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.
7. Деневизюк, Д. А. Устойчивое развитие города: вопросы теории, оценка и основные приоритеты, кандидат экономических наук, 2006 г., Экономическая библиотека, URL: <http://economy-lib.com/ustoychivoe-razvitie-goroda-voprosy-teorii-otsenka-i-osnovnye-prioritety#ixzz6uLn9FghX> - Қаралған күні: 13.06.2020 ж.
8. Шеина С.Г., Бабенко Л.Л. Матвейко Р.Б.: Экологическая реконструкция городской застройки / (Монография). Ростов-на-Дону: РГСУ, 2012, 179 с. - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.
9. Оценка комфортности города шымкент, отчет по итогам телефонного опроса, Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL: <https://drive.google.com/file/d/1rtYHZmFHsYtxzVH57fnsFPP5SEJK2Xqu/view> - Қаралған күні: 05.05.2020 ж.
10. Байтанаев, Б.А. История города Шымкент: 2200 лет по археологическим источникам. — Алматы, 2012г. - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.
11. Подушкин, Н. П. Когда родился Шымкент? / Шымкент. Историко-информационный путеводитель. — Шымкент: Китап, 1998. — ISBN 5-605-00263-5, Казахстанская Национальная Энциклопедия, Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL:

<http://ru.encyclopedia.kz/index.php/%D0%A8%D1%8B%D0%BC%D0%BA%D0%B5%D0%BD%D1%82>

12. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Жарлығы [2018 жылғы 19 маусымда қабылданған № 708] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000702> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

13. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті, Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL: <http://www.stat.gov.kz/> - Қаралған күні: 25.06.2020 ж.

14. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы» [2017 жылғы 30 қарашада қабылданған № 799] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> - Қаралған күні: 04.09.2020 ж.

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы» [2013 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған № 1434] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385> - Қаралған күні: 25.07.2020 ж.

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы [2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған № 990] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> - Қаралған күні: 13.11.2020 ж.

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы» қаулысы [2018 жылғы 22 ақпанда қабылданған № 74] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000074> - Қаралған күні: 17.12.2020 ж.

18. Шымкент қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы - <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-ekonomika-karzhy/documents/details/19326?lang=kk> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

19. Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне «Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға дамыту бағдарламасы» туралы қосымша [2020 жылғы 23 желтоқсанда қабылданған №73/681-6с] - <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-ekonomika-karzhy/documents/details/121552?lang=kk> - Қаралған күні: 18.06.2020 ж.

20. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулысы [2019 жылғы 10 шілдеде қабылданған № 498] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000498/compare> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

21. "Великий шёлковый путь. Страницы из истории шёлкового пути", Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL: <https://www.europe-china.kz/info/68> - Қаралған күні: 28.06.2020 ж.

22. Новый путь в европу - от мечты к реальности, Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL: <https://www.europe-china.kz/info/68> - Қаралған күні: 30.02.2021 ж.

23. Дорожная карта развития Экономического коридора Шымкент-Ташкент-Худжанд (ЭКШТХ), Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL:<https://www.adb.org/sites/default/files/publication/691231/road-map-shymkent-tashkent-khujand-corridor-ru.pdf> - Қаралған күні: 28.06.2020 ж.

24. Погодина, Т. В. Инвестиционный менеджмент : учебник и практикум для академического бакалавриата / — М. : Издательство Юрайт, 2016. — 311 с. — Серия : Бакалавр. Академический курс. — URL: <https://static.my-shop.ru/product/pdf/209/2085615.pdf> - Қаралған күні: 21.11.2020 ж.

25. Воронцов, А. В. Демография : учебник и практикум для прикладного бакалавриата / А. В. Воронцов, М. Б. Глотов. — Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 287 с. — (Бакалавр. Прикладной курс). — ISBN 978-5-534-00865-4. — Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/433121> - Қаралған күні: 11.07.2020 ж.

26. Doing Business 2020. — Текст : электронный. // Doing Business: — URL: <https://russian.doingbusiness.org/ru/reports/global-reports/doing-business-2020> — Қаралған күні: 05.05.2020 ж.

27. Иванов, Д.А. Обзор инвестиционного климата Казахстана. / Д.А. Иванов. — Текст : электронный // Вестник Томского государственного университета. Экономика. — 2016 —№ 4 (36) — С. 165-172. — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/obzor-investitsionnogo-klimata-kazahstana>

28. Воронцов, А. В., Глотов, М. Б. Демография : учебник и практикум для прикладного бакалавриата /— Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 287 с. — (Бакалавр. Прикладной курс). — ISBN 978-5-534-00865-4. — Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/433121> - Қаралған күні: 21.11.2020 ж.

29. Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне «Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға дамыту бағдарламасы» туралы қосымша [2020 жылғы 23 желтоқсанда қабылданған №73/681-6с] - <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-ekonomika-karzhy/documents/details/121552?lang=kk> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

30. Региональный обзор 2020 — Текст : электронный // АО «Центр развития торговой политики «QazTrade», — URL: <http://qaztrade.org.kz/rus/%d0%b3%d0%bb%d0%b0%d0%b2%d0%bd%d0%b0%d1%8f-%d1%81%d1%82%d1%80%d0%b0%d0%bd%d0%b8%d1%86%d0%b0/> - Қаралған күні: 05.09.2020 ж.

31. Индустрияландыру және шеткері аймақтарды дамыту: ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин жұмыс сапарымен Шымкентке барды, — Текст : электронный, — URL: <https://www.primeminister.kz/kz/news/18459> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

32. ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегі, 2020 жыл

33. Нарбут, Н.А., Матюшкина, Л. А., Выбор и обоснование экологических критериев для оценки состояния городской среды, 2009г. – URL: <https://pnu.edu.ru/media/vestnik/articles/298.pdf> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

34. Шымкент қаласының бас жоспар, – Текст : электронный, – URL: <https://shymkent.genplan.kz/site/functional-zones> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

35. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулысы [2019 жылғы 10 шілдеде қабылданған № 498] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000498/compare> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

36. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының бас жоспары туралы» Қаулысы [2012 жылғы 3 қыркүйекте қабылданған № 1134] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001134#z3> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

37. Шымкент климат (Казахстан), Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL:<https://ru.climate-data.org/%D0%B0%D0%B7%D0%B8%D1%8F/%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD/%D1%8E%D0%B6%D0%BD%D0%BE-%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F-%D0%BE%D0%B1%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8C/%D1%88%D1%8B%D0%BC%D0%BA%D0%B5%D0%BD%D1%82-6115/> - Қаралған күні: 29.03.2020 ж.

38. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мен мен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының «Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласы, Сайрам, Ордабасы және Төлеби аудандарының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы» қаулысы мен шешімі [2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 371 қаулысымен, 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 21/177-V шешімімен қабылданған] - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V13U0002478> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

39. Дүниежүзілік Банк бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы аясында «Шымкент агломерациясын дамыту кезінде пилоттауға қалалық агломерациялар үшін саяси және институционалдық жол картасын айқындау» атты есебі, 2016 жылғы 14 желтоқсан// Дүниежүзілік Банк

40. Мониторинг развития сельскохозяйственной кооперации в Казахстане, – Текст : электронный, – URL: <https://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/central-asia/Kazakhstan-Monitoring-Agricultural-Co-operatives-2019-RUS.pdf> - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

41. Научное издательство «Большая российская энциклопедия», – Текст : электронный, – URL: https://bigenc.ru/world_history/text/2371305 - Қаралған күні: 18.03.2021 ж.

42. Определение термина Город, – Текст : электронный, – URL: <https://www.realtymag.ru/termini-nedvizhimosti-zhkh/opredelenija-g/gorod/> - Қаралған күні: 28.03.2021 ж.

43. Понятие о современном городе, – Текст : электронный, – URL: http://allformgsu.ru/publ/vvedenie_v_specialnost/ponjatie_o_sovremennom_gorode/22-1-0-99 , <https://www.english-online.at/geography/cities/cities-and-metropolitan-areas.htm> - Қаралған күні: 18.03.2021 ж.

44. Города будущего: городское сельское хозяйство в третьем тысячелетии, – Текст : электронный, – URL: <http://www.fao.org/3/Y1931M/y1931m03.htm> - Қаралған күні: 18.03.2021 ж.

45. Пужоль, Д. и Бегье, М. 1998. Городское сельское хозяйство Парижа. Электронная конференция FAO-ETC / RUAF (доступна на www.ruaf.org). п. 1-6.

46. Крауч, Д. 1997. Обзор земельных участков в Англии: отчет о совместном обследовании земельных участков в Англии. Корби, Великобритания, Национальное общество садоводов и огородников / Политехнический университет Англии - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

47. Гарнетт, Т. 2000. Городское сельское хозяйство в Лондоне: переосмысление нашей продовольственной экономики. В Н. de Zeeuw, N. Bakker, M. Dubbeling, S. Gundel & U. Sabel-Koschella, eds. Растущие города, выращивание еды . п. 477-500. Фельдафинг, Немецкий фонд международного развития (DSE). - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

48. Мадалено, И.М. 2001. Политика поддержки городского сельского хозяйства из двух отдаленных городов: Лиссабона (Португалия) и Президенти-Пруденти (Бразилия). Журнал городского сельского хозяйства , 4: 38-39. - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.

49. Хайкина, Н. //А на ВОЗ и ныне там, – Текст : электронный, – URL: <http://panorama.shymkala.kz/index.php/world/item/4136-a-navoz-i-nyne-tam/4136-a-navoz-i-nyne-tam> - Қаралған күні: 25.03.2021 ж.

50. Баймуханов, Т.С. К некоторым вопросам концепции и модели агропродовольственного пояса г. Шымкента / Международная научно-практическая конференция «Агропродовольственные пояса мегаполисов и сельскохозяйственная кооперация в Казахстане: проблемы, поиски и решения», г. Шымкент 2017., С.70-74. (0,31 п.л.) - Қаралған күні: 27.02.2021 ж.

51. Республикалық маңызы бар қала санатындағы Шымкент қаласының бас жоспарының тұжырымдамасы (нобайлық идеясы) қабылданды // Шымкент қаласының ресми сайты, - Мәтін: электрондық, - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-zher/press/news/details/141523?lang=kk> - Қаралған күні: 25.03.2021 ж.

52. Новые Правила содержания животных в Шымкенте, – Текст : электронный, – URL: <https://otyrar.kz/2017/07/novye-pravila-soderzhaniya-zhivotnyx-v-shymkente/> - Қаралған күні: 25.03.2021 ж.

Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы: Ахметалықызы Айша
Ғылыми жетекші: Данат Есболұлы Жумин

Жоба идеясы	Шымкент қаласын Орталық Азияның экономикалық өсу және даму орталықтарының бірі ретінде қалыптастыру перспективалары
Күрделі жағдай (кейс)	<p>1. Шымкент қаласының даму стратегиясында оның даму бағытындағы басты ерекшеліктері мен бірінші деңгейлі стратегиялық құжаттардағы сипаттамасы ескерілмеген. Атап айтқанда, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бар мүмкіндік бар, алайда даму бағдарламаларында бұл салаға басымдық берілмеген.</p> <p>2. Шымкент қаласының экология мәселесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбеуі. 2020 жылы ауа ластануы бойынша «қызыл» аймаққа енді. Қаланың бас жоспарына сәйкес 2020 жылға 1 адамға есептегенде жалпы пайдаланудағы жасыл желектер бар болғаны 4,3 шаршы метрді құрайды, бұл ДДҰ нормасынан айтарлықтай төмен (10.5 есе), сондай-ақ ҚР нормативіне сәйкес келмейді.</p> <p>3. Шымкент қаласының орталық көшелерінде мал асырау, сату, сою, бордақылау пунктерінің болуы. Бұл өз кезегінде экологияның ластап, тұрғындар арасында наразылық тудырумен қоймай қала имиджіне кері әсерін тигізіп отыр.</p>
Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері	<p>Қолданыстағы тәсілдердің классификациясы</p> <p>1. Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға даму бағдарламасында агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша мақсат қойылған.</p> <p>Артықшылықтары. Мақсатқа жету үшін ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуі деген индикатор бар. Мысалы, 108,5 %-дан 2025-ға қарай 116,5 пайызға дейін өсіру.</p> <p>Кемшіліктері.</p> <p>а) Мақсатқа жету үшін 1 ғана индикатор қойылған. б) Ұсынылып отырған жету жолдары көбінесе өнімділікті экстенсивті түрде арттыруға бағытталған. Яғни өндірушілер санын арттыру.</p> <p>2. Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспарындағы 85-міндеті «Қала аумағында 2019-2023 жылдары көшеттердің санын 5460,0 данаға және жасыл аймақтарды 13000 га арттыру», сондай-ақ, Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға даму бағдарламаларында аймақтағы экологиялық ахуалды жақсарту мақсаты бар.</p> <p>Артықшылықтары. «Жасыл белдеу» алаңының жыл сайын ұлғайту индикаторы бар. 2021-2025 жылдарға 16 626 га-ға ұлғаю керек.</p> <p>Кемшіліктері. Өңірде жасыл аймақ көлемін ұлғайту «Жасыл белдеу» алаңын ұлғайту есебінен орындау көзделіп отыр. Алайда, бұл жалпы</p>

	<p>пайдаланудағы жасыл желектер аймағымен байланысты емес.</p> <p>3. Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 62/536-бс шешімімен және Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 90 нөмірімен тіркелген Шымкент қаласының аумағында жануарларды асырау қағидасы бекітілген.</p> <p>Артықшылықтары. Осы қағидаға сәйкес экологияға қатысты санитарлық нормаларды сақтау қажет.</p> <p>Кемшіліктері. Бұл қағиданы барлық мал ұстаушы тұрғын білмейді. Тұрғындар тарапынан ауаның жағымсыз иісіне, ауладағы көбейген шыбын-шіркейлерге байланысты арыз-өтініштер келіп түскен жағдайда, әкімдік тарапынан санитарлық норманы сақтамаған тұрғынмен тек түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл мәселені шешпейді.</p>
<p>Берілген мәселені шешудің ұсынылатын жолы</p>	<p>1. Шымкент қаласының экономикасын дамыту барысында экономикасының негізгі драйверіне айналу әлеуеті бар агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды басымдыққа алуды ұсынамын. Бұл бағыттағы алғашқы міндет - ауыл шаруашылығы мәселелерін талқылау және үйлестіру бойынша құрамына үкімет, іскерлік ұйымдар (шағын фермерлік шаруашылықтар және ірі өндірушілер, қайта өңдеушілер, көтерме / бөлшек саудагерлер), ғылыми институттар өкілдерінің және тұтынушылар кіретін «Шымкент агломерациясының ауыл шаруашылығын дамыту кеңесі (АШДК)» құру. Мұндай ұйымдар өз кезегін де, кооператив саны мен мүшелерін арттыруға ықпал жасайды.</p> <p>Мүмкіндіктері. Қосымша шығынды талап етпейді.</p> <p>Қауіптер. Мемлекеттік органдардың тарапынан бастамшылықтың болмауы. Ауыл шаруашылығын дамыту кеңесінің құрамында болу керек мүшелерінің қызығушылығының болмауы.</p> <p>2. а) Қалалық жасыл желектерді дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және әзірлеуге жергілікті тұрғындарды белсенді тарту; б) жергілікті билік органдары шеңберінде, сондай-ақ қоғамдық топтармен және жеке субъектілермен сектораралық ынтымақтастықты ұйымдастыру; с) қалалық жасыл кеңістіктер қаланы жоспарлаудың және жасыл инфрақұрылымның кең желісін құрудың жалпы процесінің бөлігі ретінде қарастыру.</p> <p>Мүмкіндіктері. Қосымша шығынды талап етпейді.</p> <p>Қауіп. Мемлекеттік органдардың тарапынан тұрғындарды араластыруға бастамшылықтың болмауы.</p> <p>3. Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 62/536-бс шешімімен бекітілген және Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 90 нөмірімен тіркелген Шымкент қаласының аумағында жануарларды асырау қағидасында халықтың денсаулығын жануарлар ауруларынан қорғау және санитарлық тазалықты қамтамасыз</p>

	<p>ету мақсатында қала аумағын жеке және заңды тұлғалардың жануарларды ұстау және өсіру бойынша үш аймаққа бөлу мәселесін қарастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сәйкесінше, 1 аймақта - мұнда көп қабатты және жеке үйлер орналасқан жерде иттер мен мысықтарды қоспағанда, ауылшаруашылық жануарлары мен құстарды ұстауға және өсіруге қатаң тыйым салынатын аймақ. • 2 аймақ - Шымкент қаласының Бас жоспарына сәйкес, осы аймақта мал жаюға арналған орындардың және мал айдайтын жолдардың болмауына байланысты мал қораларында ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтай отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды ұстауға және өсіруге рұқсат етіледі. • 3 аймақ - Осы елді мекендерде малға арналған үй-жайларда ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды ұстауға және өсіруге және оларды бос жерлерде жаюға рұқсат етіледі. <p>Мүмкіндіктері. Қосымша шығынды талап етпейді. Кейбір нормативті құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізуді талап етуі. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» N 339 Заңы және т.б.</p> <p>Қаупі. Мемлекеттік органдардың тарапынан бастамшылықтың болмауы. Нормативті құқықтық актілермен қайшылықтың болуы, адамдардың құқығын шектеу сияқты.</p>
Күтілетін нәтиже	<ol style="list-style-type: none"> 1. Осы арқылы Қазақстан аумағындағы ең көп шоғырланған Түркістан облысы және қала аумағындағы шаруа, фермер қожалықтары, дара кәсіпкерлер мен үй шаруашылықтарының басын біріктіру арқылы жергілікті деңгейдегі әлеует артып, көбірек азық-түлік өндіруге жол ашылады. Бұл өз кезегінде, мемлекет басшысының қала – мегаполистерінде агроазық-түлік белдеуін қалыптастыруға қойған міндетін орындауға мүмкіндік береді. 2. Шымкент қаласының ұзақ мерзімді көгалдандыру бойынша пайымының болуы, нақты бағдарламалар құрылуы, жобалардың аяғына дейін жетуінде өңір басшысының ауысуының тигізетін әсерінің аз болуы. Экологиясы жақсарады, қала тартымдылығы артады. 3. Шымкент қаласының оң имиджінің қалыптасуы, экологиясының жақсаруы, тұрғындар тарпынан арыз-шағымның аз болуы.
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы [2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған № 990] -

	<p>https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990 - Қаралған күні: 13.11.2020 ж.</p> <p>2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы» қаулысы [2018 жылғы 22 ақпанда қабылданған № 74] - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000074 - Қаралған күні: 17.12.2020 ж.</p> <p>3. Шымкент қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы - https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-ekonomika-karzhy/documents/details/19326?lang=kk - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.</p> <p>4. Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне «Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға дамыту бағдарламасы» туралы қосымша [2020 жылғы 23 желтоқсанда қабылданған №73/681-6с] - https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-ekonomika-karzhy/documents/details/121552?lang=kk - Қаралған күні: 18.06.2020 ж.</p> <p>5. Нарбут, Н.А., Матюшкина, Л. А., Выбор и обоснование экологических критериев для оценки состояния городской среды, 2009г. – URL: https://pnu.edu.ru/media/vestnik/articles/298.pdf - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.</p> <p>6. Шымкент қаласының бас жоспар, – Текст : электронный, – URL: https://shymkent.genplan.kz/site/functional-zones - Қаралған күні: 19.06.2020 ж.</p> <p>7. Хайкина, Н. //А на ВОЗ и ныне там, – Текст : электронный, – URL: http://panorama.shymkala.kz/index.php/world/item/4136-a-navoz-i-nyne-tam/4136-a-navoz-i-nyne-tam - Қаралған күні: 25.03.2021 ж.</p> <p>8. Баймуханов, Т.С. К некоторым вопросам концепции и модели агропродовольственного пояса г. Шымкента / Международная научно-практическая конференция «Агропродовольственные пояса мегаполисов и сельскохозяйственная кооперация в Казахстане: проблемы, поиски и решения», г. Шымкент 2017., С.70-74. (0,31 п.л.) - Қаралған күні: 27.02.2021 ж.</p> <p>9. Республикалық маңызы бар қала санатындағы Шымкент қаласының бас жоспарының тұжырымдамасы (нобайлық идеясы) қабылданды // Шымкент қаласының ресми сайты, - Мәтін: электрондық, - URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-zher/press/news/details/141523?lang=kk - Қаралған күні: 25.03.2021 ж.</p> <p>10. Новые Правила содержания животных в Шымкенте, – Текст : электронный, – URL: https://otyrar.kz/2017/07/novye-pravila-soderzhaniya-zhivotnyx-v-shymkente/ - Қаралған күні: 25.03.2021 ж.</p>
--	---